



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

2017

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ГОДОВОЙ ОТЧЕТ
ANNUAL REPORT





ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2017

“ *«ҚазТрансГаз» АҚ Орталық және Орта Азиядағы маңызды және технологиялық ең мықты газ ағынының операторы болды.*

”

— **Қайрат Шәріпбаев,**
Директорлар кеңесінің төрағасы



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

Негізгі көрсеткіштер

₸662,4 млрд

шоғырландырылған
кіріс

₸74,8 млрд

таза пайда ¹

₸60,3 млрд

салықтар мен республика
бюджетіне төленетін басқа
міндетті төлемдер

101 млрд м³

тасымалдау көлемі

Мазмұны

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Басқарма Төрағасының алғы сөзі

Компания туралы

«ҚазТрансГаз» АҚ позициясын бағалау және 2017 жылдың қорытындысы бойынша оның даму перспективалары

2017 жылдың негізгі оқиғалары

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобының стратегиялық мақсаттары

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері

ЕТҰ тұрғысынан негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері

Инвестициялық қызмет

Инновациялар

«ҚазТрансГаз» АҚ мүддесі бар мәмілелер

Активтер құрылымы

Негізгі даму бағыттары

Тәуекелдерді басқару

Біріктірілген менеджмент жүйесі

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Әлеуметтік жауапкершілік

Корпоративтік басқару

Акционерлермен өзара әрекеттесу

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу

Тұрақты даму

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобының сатылымдарындағы жергілікті қамту (ЖК)

Корпоративтік қауіпсіздік

Кредиттік рейтингтер және қарыз портфелін басқару

Тәуелсіз аудитор қорытындысы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

«ҚазТрансГаз» АҚ корпоративтік басқару Кодексінің принциптерін сақтау туралы 2017 жылғы есебі

Глоссарий

Құрметті «ҚазТрансГаз» АҚ Жалғыз акционері және серіктестері!



«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ тобына кіреді және мемлекетте 160 млрд. кубометрге дейін жылдық өткізу қабілеті бар ұзақтығы 180 мың км астам магистралды газ құбырының желісін, ұзақтығы 46 мың км астам газ таратушы газ құбырларының желісін басқарады. Қоғам 56 компрессорлық станциялардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді, оларда 342 газды айдайтын агрегаттар орнатылған, 3 жер асты газ қоймасына қызмет көрсетеді. Қоғам мемлекет ішінде 8 миллионнан астам тұтынушыларға тауар газын жеткізеді. Барлық осы жүйенің үздіксіз және апатсыз жұмысын 11 мыңнан астам адам қамтамасыз етеді.

Сіздердің назарларыңызға 2017 жылға арналған «ҚазТрансГаз» АҚ қызметі туралы жылдық есепті ұсынамыз. Онда өндірістік қызметтің негізгі қорытындылары мен бағыттары келтірілген, бизнесті жүргізу, әлеуметтік және кадрлық саясат ұстанымдары құрастырылған, өткен жылдағы экономикалық және әлеуметтік саладағы қарқыны белгіленген.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жыл сайынғы 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында транзиттен түсетін жыл сайынғы кірістің 2020 жылға қарай 5 млрд. АҚШ долларына өсіру қажеттілігі туралы мәлімдеген болатын. Бұл қысқа мерзімде мемлекеттің инфрақұрылымға жұмсаған қаражаттарын қайтаруға мүмкіндік береді. Егер газды тасымалдау туралы айтатын болсақ, онда өткен жылы «ҚазТрансГаз» АҚ валюталық транзиттік түсімі 1 миллиард АҚШ доллардан астамын құрады.

Жалпы, «ҚазТрансГаз» АҚ жылды жақсы нәтижелермен аяқтады. Мысалы 2017 жылдың қорытындысы бойынша газды магистралды газ құбыры бойынша тасымалдау көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 12,7 млрд. кубометрге өсті және 101 млрд. кубометр газды құрады. Онымен қоса газды экспортқа тасымалдау 34% артты және 17,7 млрд. кубометрді құрады, ішкі тасымалдау 1 млрд. кубометр газға артты және 17,4 млрд. кубометрді құрады. Онымен қоса, халықаралық транзит 65,8 млрд. кубометрді құрады, бұл өткен жылға қарағанда 7,5 млрд. кубометрге артық.

Ұлттық оператор табиғи газдың өндірісін 2016 жылы 327 млн. кубометрден 2017 жылы 344 млн. кубометрге дейін арттырды. 20,7 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ шоғырландырылған кірісі өткен жылы 662,4 млрд. теңгені құрады, ол 2016 жылға қарағанда 77,5 млрд. теңгеге артық. Онымен қоса «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобының таза пайдасы есепті кезеңде 74,8 млрд. теңгені құрады, бұл жоспарланғаннан 23 млрд. теңгеге жоғары.

2017 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Ұлттық операторы және оның еншілес кәсіпорындары жалпы сомасы 60,3 млрд. теңгеге салықтар мен республика бюджетіне төленетін басқа міндетті төлемдерді төледі.

Өткен жылы алғаш рет қазақстандық газ «ҚазТрансГаз» АҚ және «PetroChina International Company Limited» компаниясы арасындағы қол қойылған Келісімшарты аясында Қытайға экспорттала бастады. Бұл - Азиядағы ең болашағы бар және сыйымды өткізу нарығы. «ҚазТрансГаз» АҚ Орталық және Орта Азиядағы маңызды және технологиялық ең мықты газ ағынының операторы болды. Орташа азиялық газдың Ресей, Еуропа және Қытай бағытына транзитінің көлемі артты. Үкіметаралық келісімдер қорытындысы бойынша Өзбекстан аумағы арқылы газды транзиттеу басталды.

Рекорды қысқа мерзімде «Қазақстан-Қытай» трансұлттық газ құбырында 4 мықты, жоғары технологиялық, компрессорлық станция және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралі іске қосылды. Алғаш рет Қазақстанда Ақтөбе қаласында ең мықты АГТС-300 іске қосылды. Газды тарату станциясы жарты өңірді газбен қамтуға қабілетті.

Өткен жылы Мемлекет Көшбасшысының қатысуымен «Бозой» жер асты су қоймасында «газды кептіру қондырғысы» пайдалануға берілді. Соның арқасында екі маңызды міндеттер шешілді – газды оңтүстікке тұрақты жеткізу қамтамасыз етілді және шығыс нарығына экспорты өсті.

Осылайша, газ саласы тарапынан мемлекеттік энергетикалық қауіпсіздікпен қамту бойынша мәселелер шешілді деп сеніммен айтуға болады. Бүгінгі күні «ҚазТрансГаз» АҚ шетел көздеріне тәуелді болмай, мемлекетті жүз пайыз өзінің табиғи газымен қамтамасыз ете алады. Ұлттық оператор үздіксіз тасымалдауды, тұрақты газбен қамтуды қамтамасыз ету бойынша міндетті жүз пайызға орындайды.

Құрметпен,

Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы

«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Сүлейманов Рустам Эдуардұлы

«ҚазТрансГаз» АҚ
Басқарма Төрағасы

Экспорт

Көмірсутектерді ішкі және сыртқы нарықтарға көп векторлы жеткізу ұстанымдарына сүйене отырып, Қазақстан табиғи газды транзиттік және экспорттық жеткізу бойынша барлық экономикалық тұрғыдан тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады.

17,2 млрд. м³

Импорт

Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде газға тұрақты сұранысты қамтамасыз ету, импортталатын газға тәуелділікті төмендету және Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы» жобасын іске асыру жалғасуда.

4,8 млрд. м³

Ішкі нарық тұтынушыларына газды жеткізу

Ішкі нарық тұтынушыларына газды жеткізу «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және басқа да газ тарату ұйымдары арқылы қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарынан, сондай-ақ «Газпром» ЖАҚ-мен СВОП операциялары шеңберінде жеткізілетін импорттық газды өткізу арқылы жүзеге асырылады.

13,8 млрд. м³

Компания туралы

«ҚазТрансГаз» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылды. 2004 жылы 9 маусымда Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы атауына ауыстырылды. 2004 жылдың 9 маусымындағы №13898-1901-АҚ Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы қуәлігін Астана қ. әділет департаменті берді.

Қазақстан Республикасының газ саласының оның одан әрі дамуы үшін айтарлықтай әлеуеті бар, бұл болашақта Қазақстанды жетекші табиғи газ өндірушілерінің қатарына шығаруға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» АҚ мемлекеттегі және әлемдегі газ нарығындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін Қазақстан Республикасының ірі газбен қамту компаниясы болып табылады.

Жалғыз акционері «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ болып табылады. «ҚазТрансГаз» АҚ тауар газы магистралды газ құбыры және газды тарату желісі бойынша тасымалдау бойынша орталықтанған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және газды ішкі және сыртқы нарықта сатумен айналысады, құбыр желілері мен газ қоймасын өңдейді, қаржыландырады, құрылысын салады және пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі №914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен қамту саласында ұлттық оператор ретінде анықталды.

Есепті кезеңде ҚТГ компаниясы тобына 12 еншілес және тәуелсіз компаниялар кірді, олар келесі бизнес-бағыттарда ұсынылды:

- ресурстық базаны кеңейту: «Амангелді Газ» ЖШС, «Қансу Оперейтинг ҚТГ» ЖШС;
- магистралды тасымалдау: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азия газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз-Бишкек» ЖШҚ, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ;
- газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау: «ҚазТрансгаз» АҚ, «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ;
- газбен сауда операциялары: «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС;
- өзге ЕТҰ: «Intergas Finance B.V.».

«ҚазТрансГаз» АҚ позициясын бағалау және 2017 жылдың қорытындысы бойынша оның даму перспективалары

Энергетиканың ең жас саласы – Қазақстанның газ өнеркәсібі – салыстырмалы түрде жақында – өткен жүзжылдықтың 70 жылдарында дами бастады. Мемлекетте газ өнеркәсібінің даму перспективасы жоғары.

ВР деректері бойынша барланған табиғи газ қоры бойынша (1 трлн. м³) Қазақстан әлемде 23 орында тұр (барлық әлем қорларының 0,5%).

Қазақстан Республикасының қорлар бойынша Мемлекеттік комиссиясы шығарылатын газ қорын 3,9 трлн. м³ деңгейінде бекітті, оның ішінде ерітінді – 2,6 трлн. м³ және бос – 1,3 трлн. м³.

Қазақстанда газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі өңделетін немесе өңдеуге дайындалатын кен орындарында шоғырланған, олардың ішінде мұнай кен орындары – Теңгіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсатты кен орындары – Қарашығанак (Батыс-Қазақстан облысы), Жаңажол, Ұрықтау (Ақтөбе облысы) және басқалары.

Қазақстан Республикасында өнеркәсіп категориясындағы бос газдың қоры 70-тен астам газ, газ конденсаты және мұнай газ кен орындарында барланды. Шамамен 30 кен орындары өңделуде, олармен өнеркәсіп категориясының 86% бастапқы газ қоры байланысты. Осыған қарамастан берілген кен орындарының біршама бөлігі бірыңғай газбен қамту жүйесіне (бұдан әрі – БГҚЖ) қосылмаған: тек 215-тің 15-і ғана (шамамен 7%) БГҚЖ қосылған.

Қазіргі кезде «Амангелді Газ» ЖШС 200 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутекті шикізатты бірігіп барлау және өндіру Шартына негізінде Жамбыл облысындағы газ кен орындарының Амангелді тобын игеруді жалғастыруда.


Табиғи газдың шығарылатын қоры 01.01.2018 ж. жағдай бойынша мыналарды құрайды: Амангелді кен орнында 8 733,8 млн. куб. м., Жарқұм кен орнында 375,4 млн. куб. м. және Айрақты кен орнында 5 221,8 млн. куб. м.

Алайда, газ қоры және өңдеу көлемі бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының нарығында әлсіз болып табылады, және оның үлесі шамамен 1-2% құрайды.

Осыған байланысты, «ҚазТрансГаз» Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шекті маңызды мақсат ретінде ілеспе мұнай газын өңдейтін жер қойнауын пайдаланушылар ГБЖ қосылуды көреді.

2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту тұжырымдамасы болжамды және Қазақстан Республикасының газ саласын біртіндеп реформалау және жан-жақты дамуына негізгі тәсілдерін айқындайды, Қазақстанда қолданыстағы газ ресурстарынан басқа көмір қабаттарынан метанды барлау және өндіру тұрғысынан айтарлықтай әлеуетті көздейді. 2016 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Энергетика министрімен бекітілген

Мемлекеттер бойынша дәлелденген табиғи газ қорының көлемі, трлн. м³



Қазақстан Республикасы Президентінің көмір қабаттарынан метанды барлау және өңдеуді ұйымдастыру бойынша тапсырмасын орындау үшін жаңартылған іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) орындау кезінде «ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейнінде көмір қабаттарынан метанды өндіру» инновациялық инвестициялық жоба шеңберінде көмір қабаттарынан метанды геологиялық барлау бойынша жұмыстарды өткізеді.

Қазақстан үшін перспективалық транзиттік бағыттардың бірі жылына өткізу қабілеті 30 млрд. куб. м табиғи газ болатын және 2018 жылы 55 млрд. куб. м дейін МГ қуатын арттыруды жоспарлап отырған «Қазақстан-Қытай» МГ болып табылады (С желісі бойынша компрессорлық станцияны пайдалануға беруді ескерумен). Бүгінгі күні бұл мемлекеттің мұнай газ саласындағы ең ірі инвестициялық жоба.

«ҚазТрансГаз» АҚ іске асырылған тағы бір маңызды жобасы - бұл Қазақстанның батысынан оңтүстігіне қарай ұзақтығы бір жарым мың километр және өткізу қабілеті жылына 10 млрд.м³ болатын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырының құрылысы. Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде бұл еліміздің энергетикалық дербестік саласындағы ең ірі индустриалды жобалардың бірі болып табылады, ол бүкіл оңтүстікті үздіксіз газбен қамтамасыз етеді.


«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ құрылысының аяқталуымен Қазақстанның Батыс және Оңтүстігіндегі магистралды жүйенің интеграциясы аяқталды және Республиканың магистральдық газ құбырларының бірыңғай жүйесі құрылды.

Қазіргі уақытта Қоғам нарықтың қажеттілігіне қарай кез келген бағытта көлік бағыттарын әртараптандыру арқылы газды экспорттық, транзиттік және ішкі тасымалдауды ұйымдастыру мүмкіндігіне ие.

ҚР оңтүстік аймақтарына және ҚХР-на экспортқа газды тұрақты жеткізумен қамтамасыз ету мақсатында 2018-2019 жылдары «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ өткізу қабілетін жылына 15 млрд.м³ дейін арттыру жоспарлануда.

Шығарылатын газ қорын кен орындары бойынша бөлу, %

Қазақстанда газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі өңделетін немесе өңдеуге дайындалатын кен орындарында шоғырланған, олардың ішінде мұнай кен орындары – Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсатты кен орындары – Қарашығанақ (Батыс-Қазақстан облысы), Жаңажол, Ұрықтау (Ақтөбе облысы) және басқалары.



Барлығы «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жалпы ұзындығы шамамен 64 мың км газ құбырларын пайдаланады. Соның ішінде 18 мың км астам магистральдық және 46 мың километрден астам таратушы газ құбырлары.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 14 облысынан 10 облысы негізінен облыс орталықтарында газдандыру басым жүргізілді. Қазақстан Республикасының халқын газдандыру деңгейі 2017 жылы 47,38% құрады.

2015-2030 жылдарға арналған Газдандырудың бас схемасы тек қана газ құбырларының кең ауқымды құрылысымен ғана емес, сондай-ақ республиканың өңірлерін газбен қамтудың баламалы және оңтайлы көздерін іздеу арқылы Қазақстанның газдағы ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған. Сонымен қатар, сұйытылған табиғи газбен өңірлерді газдандыруды ынталандыру және дамыту аясында мотор отыны ретінде газды пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шараларын қарастырылады.

Көмірсутектерді ішкі және сыртқы нарықтарға көп векторлы жеткізу ұстанымдарына сүйене отырып, Қазақстан табиғи газды транзиттік және экспорттық жеткізу бойынша барлық экономикалық тұрғыдан тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Сонымен бірге көршілес мемлекеттермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып табылады, себебі транзиттік және экспорттық бағыттар олардың аумақтары арқылы өтеді.

Ішкі тұтынудың өсуін және кері айдаудың айтарлықтай көлемін ескере отырып, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әлі де маңызды емес. Экспорттық жеткізілімдердің айтарлықтай өсуі, мысалы, газды кері айдау көлемін азайту есебінен мүмкін болады, алайда бұл кен орындарын игерудің технологиялық схемаларымен әзірше қарастырылмаған.

«ҚазТрансГаз» АҚ 2017 жылы Қазақстанның газ және газбен қамту саласындағы үлесі келесі кестеде келтірілген

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ ұлттық операторы Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушыларынан шикізат пен тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын жүзеге асырады.


2017 жылғы 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің ең жоғарғы бағасын бекітті.



ТАУАР ГАЗЫНЫҢ ӨНДІРІСІ

0,3 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 1,0 %
Қазақстан бойынша 31 млрд м³



ІШКІ НАРЫҚҚА ЖЕТКІЗУ

12,8 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 92,8 %
Қазақстан бойынша 13,8 млрд м³



ИМПОРТ

4,8 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 100 %
В целом по РК 4,8 млрд м³



ЭКСПОРТ

4,9 млрд м³

ҚазТрансГаз үлесі 28,5 %
Қазақстан бойынша 17,2 млрд м³

2017 жылдың негізгі оқиғалары

Қарағанды облысының әділет басқармасының 16.03.2017ж. №3-4/601-01 бұйрығымен «Сарыарқа Газ Даму» ЖШС қызметі тоқтатылды;

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 02.03.2017 ж. шешіміне сәйкес (№5 хаттама 1-т.) «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Ресей Федерациясы Санкт-Петербург қаласында өкілдігі құрылды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.08.2017 ж. № 530 қаулысымен «Октябрь-Алға» МГ стратегиялық объектісін «Интергаз Орталық Азия» АҚ қарапайым акцияларын орналастыру арқылы иеліктен шығарған;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.12.2014 ж. №1383 қаулысын орындауда «ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-на газ құбырлары мен олардың құрылыстарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс-Қазақстан, Қостанай облыстары аумақтарында орналасқан оларды пайдалану және қызмет көрсету үшін қажетті басқа мүліктерін тапсырды;

«ҚазТрансГаз» АҚ «Мінсіздікке ұмтылу» атты тағайындалған EFQM сертификатын растады;

«ҚазТрансГаз» АҚ айналу мерзімі 10 жыл жалпы номиналды көлемі \$750 млн. ТМД және Ирландия қоры биржасының («ISE») және Қазақстан қор биржасының («KASE») листингтері бойынша корпоративтік эмитенттер арасында 4,4% тарихи минималды кірісі бар еурооблигацияларды табысты орналастырды. Салыстыру ретінде, ағымдағы жылдың наурызында «Газпром» ЖАҚ жалпы номиналды көлемі \$750 АҚШ долларына ірілендірілген 10 жылдық еурооблигацияларды 4,95% кіріс мөлшерлемесімен орналастырды, бұл «ҚазТрансГаз» АҚ орналастыру мөлшерлемесінен 55 bps (базистік тармақ) артық болып келеді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ 2007 жылы шығарылған 600 млн. АҚШ долларынан қалған 128 млн. АҚШ доллары сомасындағы еурооблигацияларды табысты өтелді;

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Еуразиялық Қайта құру және Даму банкінің алдында жалпы сомасы \$220 млн ұзақ мерзімді валюталық міндеттемесін қазақстандық теңгеге табысты айналдырды, бұл «Интергаз Орталық Азия» АҚ валюталық тәуекелін төмендетуді қамтамасыз етті;

«ҚазТрансГаз» АҚ және Trans Asia Gas Pipeline Ltd (CNPC еншілес ұйымы) біріккен кәсіпорны «Бейнеу Шымкент газ құбыры» ЖШС Қытайдың Даму банкі және Қытайдың Лимитэд банкі синдикатының алдында \$400 млн мөлшерінде міндеттемелерді жартылай ұзақ мерзімді өтеуді жүзеге асырды.

«ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аналық компаниясы алдында \$350 млн. көлемінде міндеттемелерді мерзімінен бұрын жартылай өтеуді жүзеге асырды;

2017 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Еуразиялық Қайта құру және Даму банкі ұсынған кредиттік желі аясында Қоғам Маңғыстау, Ақтөбеде және Қостанай облыстарындағы инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға үшін бағытталған жалпы сомасы 14,3 млрд. теңге қаражатын игерді. Жаңғырту және газдандыру нәтижесінде аймақ табиғи газбен үздіксіз және апатсыз қамтамасыз етілді, газдандырылған қалалар азаматтарының өмір сүру сапасы жақсарды, газ таратушы құбыржолдардың өткізу қабілеті артты, өндіріс шығыны төмендеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев көмір қабаттарынан метанды барлау және өндіру бойынша қызметті тиімді мемлекеттік реттеуді қоса алғанда, жер қойнауын пайдалануды реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне қол қойды

Магистралды газ құбыржолдары бойынша:

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ Бозой және «Қараөзек» компрессорлық станцияларының құрылысы аяқталды, газ құбырының қуаты 10 млрд.м3/жыл дейін жеткізілген;

«С» желісіндегі «Қазақстан-Қытай» МГ №1 (2017 жылдың 30 қарашасындағы пайдалануға қабылдау актісі) және №3 (2017 жылдың 22 желтоқсанындағы пайдалануға қабылдау актісі) компрессорлық станциялары пайдалануға берілді, өткізу қабілеті жылына 20 млрд.м3 газға дейін жеткізілді;

«Қазақстан-Қытай» МГ БГР-ТБА» МГ жылына 2 млрд м3 дейін газ көлемін шығару мүмкіндігі бар «Ақыр-Төбе» сығы компрессорлық станциясы пайдалануға берілді;

2017 жылдың 2 қазанында Қожасай кен орнынан «Бұхара-Орал» МГ КС-12 дейін магистралды газ құбырын пайдалануға берілді;

2017 жылдың желтоқсанында «Бозой» ЖГСҚ Газды кептіру қондырғысының құрылысы аяқталды және іске қосу жүзеге асырылды.

Таратушы газ құбырлары аясында газдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді:

«Тараз қ. газ тарату желісін жаңғырту» - 82,3 км полиэтилен газ құбыры салынды, 2596 шкаф бекеттері орнатылды, 3518 абоненттер қайта қосылды;

«Маңғыстау облысындағы газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құрастыру және жаңа құрылыс» - 737,4 км газ құбыры тартылды, оның ішінде жоғары қысымды – 384 км, орташа қысымды – 41,2 км, төмен қысымды – 312 км. Мыналар бекітілді: ГРПШ - 23 бірл., БГРБ - 28 бірл. Және АГТС – 6 бірл.

«Ақтөбе облысының тұрғылықты мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту» - 33 км полиэтилен газ құбыры салынды, АГТС – 2 бірл., БГРБ – 2 дана орнатылды.

«Қостанай облысындағы тұрғылықты мекендерді газдандыру» - 178,788 км газ құбырларын салынды, 7 газ блок бекеттері, 2 газ тарату шкафтарының бекеті орнатылды.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобының стратегиялық мақсаттары

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 наурыздағы шешімімен 2025 жылға дейінгі сандық және сапалық көрсеткіштерді бекітетін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2025 жылға дейінгі жаңартылған ұзақмерзімді стратегиясы бекітілді.

ҚТГ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және онымен байланысты мәселелерді шешу Қазақстан Республикасы үшін мемлекетті газ және газбен жабдықтауды дамытуға қатысуынан барынша пайда алуды қамтамасыз етеді.

ҚМГ 2025 жылға дейінгі ұзақмерзімді стратегиясының мақсаттары мен міндеттері:

Газды тасымалдау және маркетинг секторында:

- Газды тасымалдау және маркетингтің бизнес бағыты рентабельділігін арттыру;
- 2030 жылға қарай газдың іске асырылуын 18 млрд. куб. м дейін арттыру;
- Пайдалылықтың әділ деңгейіне жету үшін газдың көтерме және бөлшек бағасының шығынсыз және одан әрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- Транзитті әлеуетті дамыту;
- Баламалы көздерден газды өндіру бойынша пилотты жобаларды іске асыру тиімділігі;
- Шағын тұрғылықты мекендерді газдандыру үшін СКГ қолдану.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері






«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 наурыздағы шешімімен 2025 жылға дейінгі сандық және сапалық көрсеткіштерді бекітетін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2025 жылға дейінгі жаңартылған ұзақмерзімді стратегиясы бекітілді.

ҚТГ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және онымен байланысты мәселелерді шешу Қазақстан Республикасы үшін мемлекетті газ және газбен жабдықтауды дамытуға қатысуынан барынша пайда алуды қамтамасыз етеді.

ҚМГ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Газды тасымалдау және маркетинг секторында:

- Газды тасымалдау және маркетингтің бизнес бағыты рентабельділігін арттыру;
- 2030 жылға қарай газдың іске асырылуын 18 млрд. куб. м дейін арттыру;
- Пайдалылықтың әділ деңгейіне жету үшін газдың көтерме және бөлшек бағасының шығынсыз және одан әрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- Транзитті әлеуетті дамыту;
- Баламалы көздерден газды өндіру бойынша пилотты жобаларды іске асыру тиімділігі;
- Шағын тұрғылықты мекендерді газдандыру үшін СКГ қолдану.



ЕТҮ тұрғысынан негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері

«ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік орталығының негізгі қызмет түрлері сыртқы және ішкі нарықтарда газды сату, сондай-ақ газды өндіру және өткізу, магистральдық және таратушы газ құбырларын пайдалану және тасымалдауды жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарды қадағалау болып табылады

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Ішкі топтық операцияларды шегермей	2015	2016	2017	2016-ға %
Табиғи газды сату, млн куб. м	14 057	16 087	17 743	110%
Ішкі нарық	11 469	11 763	12 793	109%
Экспорт	2 588	4 323	4 949	115%

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн.тг	2015	2016	2017	2016-ға %
Өнімді сату және қызмет көрсетуден түскен кіріс	374 319	501 958	581 757	116%
Жалпы пайда	96 714	153 505	146 964	96%
Таза пайда	-109 485	81 395	74 781	92%

«ҚазТрансГаз» АҚ орталық аппараты бойынша, 2017 жылы табиғи газды ішкі топтық операцияларды шегермей сату 17,743 млн. м³ құрады, оның ішінде экспорт - 4,949 млн. м³.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде анықталды.

Ішкі нарық тұтынушыларына газды жеткізу «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және басқа да газ тарату ұйымдары арқылы қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарынан, сондай-ақ «Газпром» ЖАҚ-мен СВОП операциялары шеңберінде жеткізілетін импорттық газды өткізу арқылы жүзеге асырылады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі – «ИОА» АҚ) негізгі қызметінің бағыттары магистральдық газ құбырлары жүйесі, жер асты қоймаларындағы газды сақтау, магистральдық газ құбырлары мен таратушы желілерді пайдалану және қызмет көрсету жүйесі арқылы табиғи газды тасымалдау болып табылады.

Табиғи газ Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумағы арқылы тасымалданады.


Табиғи газды халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнестің негізі кірісін құраушы бөлігі болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2015	2016	2017	2016-ға %
Газды тасымалдау көлемі, млн куб. м	83 965	66 788	76 565	115%
Ішкі нарық	11 482	12 297	12 916	105%
Экспорт	12 745	13 251	16 710	126%
Халықаралық транзит	59 737	41 240	46 938	114%


ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн.тг	2015	2016	2017	2016-ға %
Өнімді сату және қызмет көрсетуден түскен кіріс	129 498	169 059	185 556	110%
Жалпы пайда	68 849	96 577	106 993	111%
Таза пайда	8 570	57 196	64 586	113%



Табиғи газды тасымалдау көлемі

млн. куб. м



Көліктік-тауар жұмыстарының көлемі

млрд куб. м/км

2016 жылмен салыстырғанда ресейлік транзиттің, Орталық Азия газы мен экспортының артуына байланысты газды тасымалдау көлемінің ұлғаюы байқалады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ


«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қызметінің негізгі бағыты газды таратушы газ құбырлары бойынша тасымалдау, маркетинг, сатып алу, тұтынушыларға газды сату қызметтерін ұсыну болып табылады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» басым міндеті «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қатынасу аймақтарында барлық санаттағы (халық, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорын, өнеркәсіптік компаниялар) тұтынушыларына авариясыз, үздіксіз және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	*2015	2016	2017	2016-ға %
Газды таратып тасымалдау, млн. куб. м	8 738	9 217	9 597	104%
Газды магистралды тасымалдау, млн. куб. м	2 495	2 600	2 501	96%
Табиғи газды өткізу, млн. куб. м	11 215	11 596	11 527	106%

* – 2015 жылы тарату желілері бойынша тасымалдау және газды өткізу көлемі Алматы қ. ескерумен көрсетілген.



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн.тг	2015	2016	2017	2016-ға %
Өнімді өткізу және қызмет көрсетуден түскен кіріс	162 245	195 324	227 415	116%
Жалпы пайда	1 814	20 967	25 170	120%
Таза пайда	-12 104	10 350	14 278	134%

* – 2015 жылы қаржылық көрсеткіштер Алматы қ. ескерумен көрсетілген.

«Амангелді Газ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС негізгі қызмет түрі газды және газ конденсатын өндіру болып табылады.

2017 жылы газ және газ конденсатын өндірудің жоспарлы көлеміне қатысты өндірістік бағдарламаны орындау сәйкесінше 105% және 100% құрады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2015	2016	2017	2016-ға %
Газды өндіру, млн. куб. м.	301	327	344	105%
Газ конденсатын өндіру, тонн	19	21	21	100%

Газ және газ конденсатын өткізуден түскен кіріс 12 767 млн. теңгені құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн.тг	2015	2016	2017	2016-ға %
Өнімді өткізу және қызметті көрсетуден түскен кіріс	4 977	7 244	12 767	176%
Жалпы пайда	2 310	3 993	9 302	233%
Таза пайда	346	1 957	6 126	313%

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС негізгі қызметі көлік қызметтерін ұсыну және газды өткізу болып табылады (АТГ, СПГ, СКГ).

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн.тг	2015	2016	2017	2016-ға %
Өнімді өткізу және қызметті көрсетуден түскен кіріс	4 057	11 512	11 255	98%
Жалпы пайда	1 204	1 889	1 711	91%
Таза пайда	558	231	271	117%

Инвестициялық қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтарға және бизнес бағыттарына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламасы мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Жаңа газ кен орындарын қосымша барлау және пайдалануға беру бағдарламасын, инертті газдарды коммерцияландыру бойынша жобаны іске асыру.
2. Соңғы тұтынушыларға газды тасымалдау үшін теңгерімді, сенімді және үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.
3. Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімді жұмысын арттыру мақсатында газды магистральдық жүйені жаңғырту.
4. ҚР елді мекендерді газдандыру арқылы ішкі газбен жабдықтау нарығын кеңейту.
5. Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.
6. Ресурстық базаны кеңейту.



2017 жылы тұрақты жобалар бойынша игерілген инвестициялардың жалпы көлемі 82,3 млрд теңгені құрады, бұл 2016 жылдағы ұқсас көрсеткішінен 27,5 млрд. теңгеге артық. Есептік кезеңде инвестициялардың өсуі Қызылорда облысындағы ББШ МГ «Қараөзек» компрессорлық станциясының құрылысы және Ақтөбе облысындағы «Бозой ЖГСҚ қайта құрастыру» сияқты жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуымен байланысты.

2017 жылы мынадай инвестициялық жобалар бойынша жұмыстар сәтті аяқталды:

1. Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту;
2. Қызылорда облысының «Қараөзек» компрессорлық станциясын салу;
3. Ақтөбе қаласында АГЖКС құрылысы;
4. Ақтөбе облысында «Бухара-Урал» МГ Кожасай ГӨБ – КС12 «Шалқар» жоғары қысымды газ құбырын салу.

Тараз қаласындағы газ тарату желілерін жаңғырту, сондай-ақ Маңғыстау және Қостанай облыстарын газдандыру үшін ұзақ мерзімді инвестициялық жобалар шеңберінде жұмысын жалғастыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, 2017 жылы Қазақстан Республикасының солтүстік және орталық аймақтарын газдандыру мақсатында Компания «Сарыарқа» МГ ҚЖҚ әзірлеу туралы келісім жасасты.



РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Қазіргі уақытта Компания ресурстық базаны кеңейту мақсатында келесі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр:

«Амангелді тобының газ кен орындарын игеру»
(«Амангелді газ» ЖШС)

«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метанды өндіру»
(геологиялық барлау жұмыстары)

«Имашев кен орнын геологиялық зерттеу және барлау»
(«КазРосГаз» ЖШС)

«Қансу жобасы»
(«ҚМГ – Кансу Оперейтинг» ЖШС)

Амангелді тобының газ кен орындарын игеру» жобасы

Республиканың оңтүстік өңірлерінде тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту Бағдарламасына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ 2000 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутегі шикізатын біріктіріп барлауға және өндіруге арналған Шарт негізінде Жамбыл облысындағы Амангелді тобының газ кен орындарын игеруді жалғастыруда.

Жоғарыда көрсетілген Шарттың қолданылу мерзімі - 2031 жылға дейін.

Жобаны іске асыру аясында «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және Амангелді тобының басқа кен орындарын игеру жүзеге асырылады, ол геологиялық барлау және сейсмикалық жұмыстар кешенін, қорлар есебін, тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалану жобаларын, өңдеуші ұңғыма жобаларын және кен орындары құрылысы объектілерін әзірлеуді қамтиды. Амангелді тобының кен орындарында мақұлданған шығарылған табиғи газ қоры 14 331 млн. м³ құрайды.

2008 жылдың басынан бастап Амангелді кен орны өнеркәсіптік даму сатысына енді. Қазіргі уақытта 34 ұңғыма пайдалануда.

2014 жылдың 27 қарашасында Жарқұм кен орны тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалануға берілді, өндіру 6 ұңғымада жүргізіледі.

2015 жылдың 12 қарашасында барлау кезеңі 3 (үш) жылға 2018 жылдың 12 желтоқсанына дейін ұзартылды.

2017 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Айрақты» кен орнын тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалануға беру туралы шартқа №12 толықтыруларға қол қойды.

2014-2015 жж. Сұлтанқұдық құрылымында 247,1 кума метр көлемінде 2D МОГТ сейсмикалық зерттеулер өткізілді, нәтижесінде құрылымның параметрлері және болжамды ресурстары нақтыланды.

«Сұлтанқұдық құрылымындағы іздестіру жұмыстарына № 2 толықтыру» («Бархан-Сұлтанқұдық учаскесі») жобасы әзірленді, 2016-2017 жж. 4250 м тереңдікте ұңғыманы бұрғылау жүргізілді және УВС өнеркәсіптік резервтерін сәйкестендіру құрылымының перспективаларын нақтылау мақсатында жүргізілді.

Өнеркәсіптік зерттеу басталғаннан бері Амангелді кен орны 4,354 млрд. м³ табиғи газ және 323,53 мың тонна газ конденсатын өндірді, оның ішінде 2017 жылы 319,78 млн. м³ табиғи газ және 20,38 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

Жарқұм кен орнындағы тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалану басталғаннан бері 50,69 млн. м³ табиғи газ және 415,43 тонна газ конденсаты өндірілді, оның ішінде 2017 жылы 12,72 млн. м³ табиғи газ және 66,93 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

2017 жылы Айрақты кен орнында тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалануға беру арқылы 11,53 млн. м³ табиғи газ және 197,05 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

01.01.2012 ж. жағдай бойынша. «Амангелді Газ» ЖШС 343,73 млн. м³ табиғи газ және 20,65 мың тонна газ конденсатын өндірді.

«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метанды өндіру» жобасы (ҒЗТҚЖ шеңберінде ГРР 1 кезеңі)

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метанды өндіру» жобасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2014-2018 жылдарға арналған инновациялық және технологиялық даму стратегиясын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарының инновациялық жобаларының тізіміне енгізілді.

2016 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Мемлекет басшысының көмір қабаттарынан метанды (КҚМ) барлау және өндіруді ұйымдастыру бойынша тапсырмасын орындау үшін жаңартылған іс-шаралар жоспарын (Жол картасы) бекітті. Аталған жоспарға сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ Жобаның 1 кезеңін – Қарағанды көмір бассейні Шерубайнұр көмірлі алаңында «Сарыарқа» ӘКК» ҰК АҚ жер қойнауын пайдаланушының шарттық аумағында ҒЗТҚЖ шеңберінде геологиялық барлау жұмыстарын өткізуді жалғастырады (03.04.2015 ж. Келісімге сәйкес).

Қоғам көмір метанын барлау және өндірумен айналысатын жетекші отандық ғалымдар және жер қойнауын пайдаланушылармен, озық технологиялар мен көмір қабаттарынан метан өндіру тәжірибесі бар шетелдік компанияларымен тұрақты кездесулер өткізеді.

КҚМ геологиялық барлау бойынша жұмыстар ҒЗТҚЖ шеңберінде өткізілетін және шарттық аумақтың газ мазмұнын зерттеуге және ең оңтайлы КҚМ өндіру технологияларын дамытуға бағытталған кешенді ғылыми-техникалық міндетті білдіреді. ҒЗТҚЖ шеңберінде халықаралық тәжірибені ескере отырып және білікті қызмет көрсетуші мердігерлерді және т.б. тарта отырып, қазіргі заманғы шетелдік технологияларды / ұңғымалар құрылысының әдістерін қолданудың, КҚМ дебитін игеру және қарқындатудың ықтимал нұсқалары сынақтан өтуде.

Қазіргі уақытта жобаның 1-ші кезеңі бойынша барлау және тәжірибелік пайдалану ұңғымалары бұрғыланды, алғашқы газ алынды. Жетекші халықаралық зертханалардан (АҚШ, ҚХР, Еуропа) алынған жынысөзекті талдау деректеріне сәйкес, Шерубайнұр учаскесінің көмір сипаттамасы АҚШ-тың ірі кен орындарына ұқсас болып келеді (пр. Блэк Варриор, КҚМ өндіру 1,5 млрд. куб. м/жыл дейін).

2017 жылы алаңы 29,32 шаршы метрді құрайтын КҚМ қорлары есептелді (шамамен С2 – 5,7 млрд. куб. м) және қазіргі уақытта мемлекеттік баланса қорларды қою процедуралары жүргізілуде, «Бейкер Хьюз Казахстан» ЖШС «Қарағанды бассейні Шерубайнұр көмірлі алаңында КҚТ өндіру және коммерциализациялау перспективасын бағалаудың» техникалық-экономикалық есебін (ТЭЕ) әзірленген. Қазіргі уақытта ТЭЕ ұсынымдарына сәйкес Schlumberger және ҚарМТУ қатысуымен геофизикалық зерттеулер кешені бар 3 ұңғыманың құрылысы аяқталуда.

Сондай-ақ, КҚТ перспективаларын толық бағалау үшін Baker Hughes және ҚарМТУ сарапшылары өнеркәсіптік метанды өндіру технологиясын әзірлеу аясында КҚТ барлау бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастыруды ұсынды. Қолданыстағы ұңғымаларда Қарағанды көмір бассейнінің геологиялық жағдайларын есепке ала отырып, КҚТ өндіру әдістемесін анықтау үшін көлденең учаскелердегі қабаттарды қарқындатумен көлденең ұңғымалардың бүйір оқпандарын бұрғылаудың жоғары технологиялық құрылысының конструкциясын жасау қарастырылады. Осы жұмыстардың қажеттілігін ескере отырып, ҒЗТҚЖ шеңберінде геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру мәселесін шешкеннен кейін жалғастыру жоспарлануда.

Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша (ҒЗТҚЖ шеңберінде ҒЗЖ жобасының 1-кезеңі) жобаны одан әрі іске асыру туралы түпкілікті шешім қабылданады.

Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі халық үшін КҚМ тауар газының оңтайлы құнын қалыптастыру және инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатымен Жол картасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдармен бірлесе отырып ҚТГ КҚМ барлау және өндіру бойынша мемлекеттік қолдау бастамашылығы бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 04.04.2015 жылғы КҚМ барлау өндіру үшін жер қойнауына шарттарды конкурстық алу мәніне қаулысы алынды (ҚазМұнайГаз/ҚазТрансГаз үшін);

- 2016 жылғы сәуірде «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға өтуі туралы» Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды, оның шеңберінде қолданыстағы салық және инвестициялық преференциялар алу үшін КҚМ барлау және өндіру қызметін мемлекеттік қолдау мақұлданды. Заңға бағынышты НҚА қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілуде;

- 2017 жылғы 27 желтоқсанда «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне қол қойылды, ол көмір қабаттарын ертерек залалсыздандыру бойынша ұсыныстарды және КҚМ қызметін тиімді реттеу мәселелерін, КҚМ-ны барлауға ҒЗТҚЖ қаржыландыру бойынша мүдделі жер қойнауын пайдаланушылардың қолданыстағы міндеттемелер механизмін қайта қарау бойынша ұсыныстарды қамтиды;

- Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына энергияның баламалы көзі ретінде КҚМ қосу туралы ұсыныстар бағытталды.

Сондай-ақ, КҚМ бойынша жобаларды одан әрі дамыту үшін инвесторлар компаниялармен бірлескен ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізілуде.

«Имашев кен орнын геологиялық зерттеу және барлау» жобасы

2005 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісімге қол қойылды, оған сәйкес мемлекеттік шекараны кесіп өтетін немесе одан өтетін пайдалы қазбалардың кен орындарын игерумен байланысты мәселелер жеке келісімдермен реттеледі.

2010 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Имашев трансшекаралық газ конденсаттық кен орнын геологиялық зерттеу және барлау бойынша бірлескен қызмет туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қол қойылды.

2011 жылдың 27 сәуірінде келісім бойынша уәкілетті ұйымдар - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Газпром» ЖАҚ-ның бірыңғай Оператор ретінде «ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ) анықтады.

2013 жылғы 11 қарашада Қазақстан Республикасы аумағында да, Ресей Федерациясының аумағында «Имашев» кен орнында жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы негізгі толықтырумен Келісім хаттамасына қол қойылды. Хаттама 2014 жылдың 18 сәуірінде күшіне енді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының жер қойнауын пайдалану құқығын алу

Имашев кен орнының қазақстандық учаскесіне жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті рәсімдерді жүргізді және Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану құқығын алудың соңғы кезеңінде болды, ал ресейлік тараптан ресейлік жер қойнауын пайдалану құқығын алу мәселесі негізсіз себептермен созылып кетті.

ҚРГ жер қойнауын пайдалану құқығын алу шеңберінде Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген ережелерге сәйкес Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі - Роснедра) жер қойнауын пайдалану жөніндегі федералдық агенттігінің барлық қажетті процедураларынан өтті.

Алайда (ҚРГ мүшесі ретінде) «Газпром» ЖАҚ тарапынан тиісті іс-қимыл болмағанына байланысты, ҚРГ Имашев кен орнының ресейлік учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін Роснедра өткізген аукционға қатыса алмады.

Айта кету керек, Келісімнің 3-бабына сәйкес Имашев кен орнының геологиялық зерттеу және барлау бірлескен геологиялық барлау және уәкілетті ұйымдар арасындағы шығындарды бірдей бөлу принциптеріне негізделеді, бұл Имашев кен орнының қазақстандық немесе ресейлік бөлігінде Келісімді бір жақты жүзеге асыруды болдырмайды.

Имашев жобасы бойынша ағымдағы жағдай

28.02.2017 жылы «Имашев кен орнын геологиялық зерттеу және барлау» жобасын тоқтату туралы ҚРГ Бақылау кеңесінің хаттамасына қол қойылды.

Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар және экология министрлігі (РФ ТРЖЭМ), 29.03.2017 ж. хатында Жобаны жүзеге асыруды ұзақ мерзімге кейінге қалдыруды орынды деп жазды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (ҚР ЭМ) 19.05.2017 жылғы №20-03-2447 / И хатпен РФ ТРЖЭМ 2017 жылдың 12 маусымынан 13 маусымына дейін барлық мүдделі тараптардың қатысуымен Үйлестіру комитетінің отырысын өткізуді ұсынады.

29.06.2017 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялық комитеті жобаны тоқтата тұруға шешім қабылдады.

05.05.2017 жылы уәкілетті мемлекеттік органдардың Келісім іске асыру бойынша консультациялық орган ретінде Үйлестіру комитетін шақыру туралы шешімдерді қабылдау жағдайында ҚР ЭМ және РФ ТРЖЭМ Жобаны тоқтата тұру туралы, сондай-ақ барлық қажетті құжаттарды ұсынуға дайындығы туралы хабарламасы бар хатты жолдады.

РФ ТРЖЭМ ҚР ЭМ-ге жазған 14.06.2017 жылғы №10-43/15677 хатында берілген кезеңде Үйлестіру комитетінің отырысын өткізу ерте деп есептейді.

ҚРГ қатысушылары «Газпром» ЖАҚ бастамасы бойынша жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты Келісімді іске асыру белгісіз бір мерзімге шегеріледі.

«Қансу» жобасы

2015 жылы 21 қазанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттама, 17 тармақ) «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС жарғылық капиталындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 100% қатысу үлесін «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларды төлеу есебіне иеліктен шығару мәселесі мақұлданды.

2016 жылы 19 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жалғыз қатысушысының «ҚазТрансГаз» АҚ-ға ауысуымен байланысты «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС Ақтау қ. Әділет басқармасына қайта тіркеуді жүзеге асырды.

2016 жылдың 30 мамырында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС арасында Шарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы Маңғыстау облысында орналасқан Қансу учаскесінде көмірсутекті шикізатты барлау үшін 01.10.2013 ж. №3949-УВС Шартына №2 толықтыруға қол қойылды.

2016 жылы 22 қыркүйекте ҚР ЭМ пайдалы қазбаларды барлау және зерттеу бойынша Орталық комиссиясының отырысында ҚР ЭМ «Қансу учаскесінде мұнай және газды іздеу жұмыстары жобасына №1 толықтыру (бұдан әрі – ІЖЖТ)» жобасы қарастырылды және келісілді және бекітуге қабылданды.

Бекітілген ІЖЖТ сәйкес 2016-2019 жылдарға арналған Шарттың Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

2016 жылдың 1 қазанында Қансу кенішінің геологиялық үлгісін салу жұмыстары аяқталды. Үш өлшемді геологиялық модельдер құрастырылып, бор және юра шөгінділер бойынша алғашқы геологиялық қорларын бағалау өткізілді.

2016 жылдың 31 қазанында «Қансу учаскесіндегі қоршаған ортаның қазіргі жағдайы туралы аудит» жобасы бойынша жұмыстар аяқталды. Өткізілген жұмыстың жалпы көлемі «Кансу» учаскесінің шарттық аумағының алаңына тең және 4374,64 шаршы метрді құрайды.

2016 жылғы 2 желтоқсанда Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты ҚР ЭМ Жұмыс тобының отырысы (ҚР ЭМ Жұмыс тобының №15 хаттамасы) өткізілді. Осы отырыстың қорытындысы бойынша Құзыретті орган оң шешім қабылдады және 2016 жылғы 29 желтоқсанда Шартқа №3 толықтыруға қол қойылды.

2017 жылы мемлекеттік органдарда «Қансу» кен орнындағы ОВОС қоса алғанда жобалық тереңдігі 3800 м R1 іздеу ұңғымасының құрылысына техникалық жоба» әзірленді және бекітілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТРАНЗИТТІК ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Экспорттық әлеуетті кеңейту мақсатында келесі инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізілуде:

«Қазақстан-Қытай МГ (1-ші учаске) қуатын арттыру» («Азия газ құбыры» ЖШС)

«Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының құрылысы» (Бейнеу-Шымкент газ құбыры ЖШС)

«Қазақстан-Қытай» МГ («ИОА» АҚ) газды жеткізуге арналған ТІР-02 тосқауылға «БҒР-ТБА» МГ өткізу қабілетін ұлғайту және СКС құрылысы

«Қазақстан-Қытай МГ (1-ші учаске) қуатын арттыру» жобасы

2011 жылғы 27 шілдеде «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтері арасындағы 2007 жылғы 18 тамыздағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 2 хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес Тараптар «Қазақстан-Қытай» МГ бірінші учаскесінің қуатын жылына 25 млрд. м³ арттыруды жүзеге асыруға келісті, оның ішінде жылына 20 млрд. м³ түрікмен және өзбек газын ҚХР тасымалдау мақсатында қытайлық тарапқа пайдалануға арналған, ал жылына 5 млрд. м³ ҚР ішкі нарығындағы газ қажеттіліктерін, сондай-ақ ҚХР-ға газды экспорттау ықтималын қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық тарап үшін арналған.

Жоба жылына 25 млрд м³ өткізу қабілетімен ұзындығы 1308 км магистралды газ құбырының құрылысын болжайды.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2018 жылдар.

2011 ж. 26 қыркүйекте КМГ, КТГ және TAPLine арасында Қазақстан-Қытай газ құбырының бірінші учаскесінің «С» жіптерін жобалауды, қаржыландыруды, салуды және пайдалануды ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары туралы Келісімге қол қойылды.

2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша жоба бойынша келесі негізгі жұмыстар орындалды:

- 2015 жылдың 9 шілдесінде газ құбырының желілік бөлігі пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 16 шілдесінде №6 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 23 шілдесінде №2 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2016 жылдың 3 тамызда №4 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2016 жылдың 10 тамызда №8 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2017 жылдың 30 қарашасында №1 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2017 жылдың 22 желтоқсанында №3 компрессорлық станция пайдалануға берілді.
- 2015 жылдың 31 желтоқсанында ДТМРЖБҚКРК №278-НҚ бұйрығымен 2016-2019 жж. кезеңіндегі магистралды газ құбыры бойынша тауар газын тасымалдау бойынша қызметтерге ҚҚС қоспағанда 1000 м³ үшін 3 494 теңге көлемінде тариф бекітілді.

Қазіргі уақытта көлемі 20 млрд.м³/жыл жейін жобалық қуатқа қол жеткізілді, одан әрі №5, №7 компрессорлық станциялары құрлысының аяқталуымен 2018 жылы газ құбыры қуатын жобалық 25 млрд.м³/жыл дейін жеткізу жоспарлануда.

Газ құбырын іске қосуды бастаумен 2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша шамамен 34 млрд.м³ транзиттік орта азиялық және экспорттық қазақстандық газ тасымалданды.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының құрылысы» жобасы

Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде газға тұрақты сұранысты қамтамасыз ету, импортталатын газға тәуелділікті төмендету және Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы» жобасын іске асыру жалғасуда.

Газ құбырының бағыты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағы бойынша өтеді және келесі негізгі техникалық сипаттамаларға ие болып келеді: 1-кезең – 2012-2019жж., өткізу қабілеті жылына 6 млрд. м³ дейін; 2-кезең – 2013-2019жж., өткізу қабілеті жылына 10 млрд. м³ дейін, нақты ұзындығы 1 450 км (бір нүктелік орындау).

Жобаны іске асыру мақсатында 2010-2017 жж. кезеңінде келесілер орындалды:

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында 2007 жылғы 18 тамыздағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды;
 - Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдаланудың негізгі ұстанымдары туралы Келісімге ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2010 жылдың 12 маусымында Қазақстанға ресми сапары аясында қол қойылды;
 - 2011 жылы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының аумағында Жобаның мақсаттарын іске асыру үшін бірлескен қазақстандық-қытайлық жоба компаниясы - «Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС құрылды;
 - 2013 жылдың 2 желтоқсанында өткізу қабілеті жылына 2,5 млрд. м³ газға дейін ГИС «Бозой», «Бозой-Шымкент» (311-1453 км) учаскесінің желілік бөлігін пайдалануға беру туралы Мемлекеттік қабылдау комиссиясының Актісіне қол қойылды;
 - 2015 жылдың 31 желтоқсанында ДТМРЖБҚКРК №278-ОД бұйрығымен магистралды газ құбыры бойынша тауар газын тасымалдаудың 2016 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізумен ҚҚС қоспағанда 1000 м³ үшін 18 071 теңге мөлшерінде тарифі бекітілді;
 - 2016 жылдың 30 желтоқсанында өткізу қабілеті жылына 5 млрд.м³ газға дейін «Бейнеу-Бозой» (0-311км) учаскесінің желілік бөлігін пайдалануға беру туралы Мемлекеттік қабылдау комиссиясының Актісіне қол қойылды;
 - 2017 жылдың 7 қарашасында «Бозой» басты компрессорлық станциясын пайдалануға беру туралы Мемлекеттік қабылдау комиссиясының Актісіне қол қойылды және жылына 6 млрд.м³ газға жейін өткізу қабілеті қамтамасыз етілді;
 - 2017 жылдың 29 қарашасында «Қараөзек» басты компрессорлық станциясын пайдалануға беру туралы Мемлекеттік қабылдау комиссиясының Актісіне қол қойылды және жылына жобалық 10 млрд.м³ газға жейін өткізу қабілеті қамтамасыз етілді;
 - Тасымалдаудан бастап 2017 жылдың соңына дейін 9,1 млрд.м³ тасымалданды;
- 2 кезеңінің тас жол бойындағы жолдардың құрылысы бойынша (участок 0-311 км), «Шорнақ», «Қараөзек», «Ақсуат» және «Саксаульск» ЖПУ және ВК, «Бейнеу» ГСК, СКАДА жүйесі және телекоммуникация бойынша жұмыстар жалғасуда.

«Қазақстан-Қытай» МГ («ИОА» АҚ) газды жеткізуге арналған ТІР-02 тосқауылға «БГР-ТБА» МГ өткізу қабілетін ұлғайту және СКС құрылысы» жобасы

ҚХР экспортқа шығару және Алматы қ. газбен үздіксіз қамтамасыз ету үшін «Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбырына газды беру мақсатында «Қазақстан-Қытай» МГ («ИОА» АҚ) газды жеткізуге арналған ТІР-02 тосқауылға «БГР-ТБА» МГ өткізу қабілетін ұлғайту және СКС құрылысы» жобасының іске асырылуы жалғасуда.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2018 жж.

Жобаны іске асыру мақсатында, 2017 жылы келесілер орындалды:

·2017 жылдың 7 қарашасында «БҒР-ТБА» МГ 2 жіптің желілік бөлігінде (ЖБ) таңдамалы күрделі жөндеу аяқталды.

·2017 жылдың 28 желтоқсанында «Ақыр-Төбе» сығу компрессорлық станциясын пайдалануға беру туралы Қабылдау комиссиясының Актісіне қол қойылды және «БҒР-ТБА» МГ-нан «Қазақстан-Қытай» МГ-ға 2 млрд.м³/жыл дейінгі көлемде газды беру мүмкіндігі қамтамасыз етілді;

БҒР-ТБА» МГ 1 жіптің желілік бөлігінде (ЖБ) таңдамалы күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жалғасуда, МГ ЖБ жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін өткізу қабілеті жобалық 10 млрд.м³/жыл дейін жеткізілетін болады.

«Қожасай кен орнынан «Бұхара-Урал» МГ КС-12 дейін магистралды газ құбырының құрылысы» жобасы

Ақтөбе облысындағы кен орындарында ілеспе газдың жануын төмендету және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры үшін ресурстық базаны арттыру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ инвестициялық комитетінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі №13-16 шешімімен «Қожасай кен орнынан «Бұхара-Урал» МГ КС-12 дейін магистралды газ құбырының құрылысы» жобасын іске асыру қабылданды.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2017жж.

2017 жылы газ құбырының құрылысы аяқталды және 2017 ж. 02 қазанда объект пайдалануға берілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨҢІРЛЕРІН ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

«ҚазТрансГаз» АҚ ҚР елді мекендерін газдандыру және жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастырады.

2017 жылы келесі жобалар бойынша жұмыстар аяқталды:

«Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту»

Қазіргі уақытта жобаларды іске асыру жалғастырылуда:

«Тараз қ. газ тарату желісін жаңғырту»

«Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңа құрылысы»

«Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды кеңейту»

«Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту» жобасы

Жоба 2015 жылы басталып, кешендік ретінде құрылған болатын, ондағы барлық құраушылар - Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, ресурстық базаны бағалау, газ тасымалдау жүйесін дамыту, аймақтағы газдандыру объектілерінің техникалық және инвестициялық параметрлері өзара байланысты.

Жоба 2015 жылдың 5 ақпанында қол қойылған Ақтөбе облысының Әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында Ақтөбе облысын газдандыру объектілерін салу жобаларын іске асыру үшін ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум аясында бастамаланды.

Жобаны іске асыру мерзімі 3 жылды құрайды – 2015-2017 жж.

Жоба аясында Ақтөбе облысының он елді мекендері газдандырылды (Ырғыз ауданы Ырғыз а., Әйтеке би ауданы Комсомол а., Алғын ауданы Богословка а., Хромтау ауданы Аққұдық а., Мұғалжар ауданы Алтынды к., Мұғалжар ауданы Еңбек а. және Талдысай а., Қарғалы ауданы Қосестек а., Мартұқ ауданы Жайсан а., Үіл ауданы Үіл а.) келесі жұмыстар орындалды:

- жалпы ұзындығы 660 км газ құбырын тарту, оның ішінде магистралды газ құбыры – 173 км, жоғары қысымды – 131 км, орташа қысымды – 66 км, төмен қысымды – 290 км;

- автоматты газ тарату станциясы, 13 газ блок бекеттері, 158 газ тарату шкаф бекеттері орнатылды.

Газдалған үйлердің саны 10 ауылда 2817 үйді және 35 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарды қамтыды.

Ақтөбе облысындағы газдандыруды іске асырудың экономикалық әсері табиғи газды тұтынушылар санының артуы,

Ақтөбе облысының елді мекендерінің өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне энергия қауіпсіздігін және сенімді және үздіксіз газбен қамтамасыз ету, облыстың аумағын газдандыруды жалғастыру, тіршілік жағдайын жақсарту, еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту мүмкіндігімен көрсетілген қосымша мультипликативтік әсер болып табылады.

«Тараз қ. газ тарату желісін жаңғырту» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019жж.

Жоба төмен қысымды болаттан жасалған газ құбырын аз қабатты сектордағы орташа қысымды полиэтиленді газ құбырларына ауыстыруды, ескі жер асты газ құбырларын ауыстыруды, аз қабатты құрылыстардың әр тұтынушысында тікелей SMART-картасының болуымен жеке шкаф газды реттейтін бекеттерді орнатуды, блок түріндегі газды реттейтін бекеттерді орнатуды қарастырады.

Тараз қ. газ тарату жүйесін жаңғырту нәтижесінде өткізу қабілетін 101,5 тыс. м³/сағ-тан 150,5 тыс. м³/сағ-қа дейін 49 тыс. м³/сағ-қа арттыру, газ құбыры арқылы ағудан газдың техникалық және технологиялық жоғалуын қысқарту, жақын арадағы 40-50 жылда күрделі жөндеуге пайдалану шығындарын 70% қысқарту, қаланың газ тарату қызметінің жүйесінің мерзімдерін 50 жылға дейін созу (полиэтилен газ құбыры қызметінің кепілдік мерзімі), газды заңсыз қиып алу және іріктеу мүмкіндігін жою жоспарланады.

Газ тарату желісін модернизациялауды негіздеу үшін қала 8 (сегіз) кешенге бөлінген, кешендер модернизация объектілеріне бөлінген. Кешендер ішіндегі объектілер құрылыс-монтаждау жұмыстарын өткізу ыңғайлы болу үшін қаланың газ тарату желісін жабудың және қолданыстағы желіні жаңасына ауыстырудың технологиялық схемасы бойынша бөлінеді.

Жоба екі кезеңде жүзеге асырылады:

- 1 кезең (5 іске қосу кешені 2011-2016жж.);

- 2 кезең (3 іске қосу кешені 2017-2019 жж.).

01.01.2018 ж. жағдай бойынша инновациялық технологияларды қолдану 794 км газ құбырларын ауыстыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ 17 288 заманауи жеке шкафтар, 1 газ блогының бекеті, 27 газ таратушы шкафтар орнатылды, оның ішінде 2017 жылдың қорытындысы бойынша екінші кезеңнің бірінші іске қосу кешеніне сәйкес 82,3 км газ құбырлары салынды және 2596 шкаф бекеті орнатылды.

Ескі жер асты болаттан жасалған газ құбырын жер асты нұсқада неғұрлым берік полиэтиленмен ауыстыру тек желілердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттырды, сонымен бірге Тараз қаласының бірегей архитектуралық көрінісін сақтауға мүмкіндік берді.

«Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңа құрылысы» жобасы

Инвестициялық жоба 2015 жылы 05.02.2015ж. қол қойылған Маңғыстау облысының Әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында Маңғыстау облысын газдандыру объектілерін салу, жаңғырту және қайта құру жобаларды іске асыру үшін ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум аясында бастамаланды.

Жоба сенімділікті жоғарылату және қызмет көрсету сапасын арттыру, газ жеткіліксіздігі және газ желілерінің қанағаттанғысыз техникалық күйіне байланысты тұтынушылар үшін газ тапшылығын жою мақсатында Маңғыстау облысындағы газ желілерін салу және жаңғыртуға бағытталған.

Жоба аясында жаңа газ желілерін, жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларының құрылысы, Жаңаөзен қ. үш АГТС қондырғысы бар жоғары қысымды газ құбырларын, Окарем-Бейнеу МГ бастап Шетпеге дейін АГТС қондырғысы бар газ құбыры бұрмасын, кент аралық газ құбырды тарту, жоғары және орташа қысымды жер асты газ құбырларын тарту жоспарлануда.

2017 жылы 737,44 км газ құбырын тарту жұмыстары орындалды, оның ішінде: жоғары қысымды-383,65 км, орташа қысымды - 47,65 км, төмен қысымды - 306,14 км. 6 автоматтандырылған газ тарату станциялары, 23 шкафты газды басқару бекеттері, 28 жанармай құю бекеттері орнатылды. Көрсетілген мерзімде 11 объект аяқталып, пайдалануға берілді

01.01.2018 ж. жағдай бойынша барлығы 1244 км газ құбыры салынды, 6 АГТС жиынтығы, 41 газ таратушы шкафының бекеті, 37 газ блогының бекеті орнатылды. Бекітілген жобамен қарастырылған жұмыстар орындалды. Алдағы 3 жылда инвестициялық бағдарлама бойынша жинақталған қаражат аясында жобаны іске асыру жалғасады. Инвестициялық бағдарлама 2015 жылдан 2020 жылға дейін 5 жылға есептелген.

«Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды кеңейту» жобасы

Инвестициялық жоба 2015 жылы 17 қарашада жасалған Қостанай облысы әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасындағы өзара ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумға сәйкес бастамаланған.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2018 жж.

2016 ж. 60 км газ құбыры салынды, 4 газды реттеуші блок бекеті орнатылды.

2017 жылы 178,788 км газ құбыры салынды, 7 газ блогы бекеттері, 2 газ таратушы шкаф бекеттері орнатылды.

Бүгінгі күні жоба аясында сегіз елді мекендер газдандырылған:

- 2016 ж. Рудный қ. Качар к. және Лисаковск қ. Октябрьский к.

- 2017 ж. Қарабалық ауданы Тоғұзақ а., Денисов ауданы Алчановка а., Антоновка а., Қарабалық ауданы Боскөл а., Қарабалық к., Ворошиловка а., жоба аясында жоспарланған Рудный қ. одан әрі газдандыру бойынша жұмыстар аяқталды.

«Тобыл-Әуликөл» МГ құрылысы бойынша жұмыстардың аяқталуы 2018 ж. жоспарлануда.

«Сары-Арқа» магистралды газ құбырының құрылысы» жобасы

Газ құбырын 4 кезеңде салу жоспарлануда. Бірінші кезеңде Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Астана бағыты бойынша ұзындығы 1081 километр магистралды газ құбырының құрылысы жоспарлануда. Екінші кезеңде газ магистралын Астанадан Көкшетауға дейін, үшінші кезеңде Петропавлда дейін тарту қарастырылуда. Соңғы төртінші кезең «Жезқазған» және «Теміртау» компрессорлық станциясының құрылысын қарастырады.

2017 жылы құрамында «КАТЭК» ЖШС және «АлатауГорПроект» ЖШС компаниялары бар Консорциуммен (бұдан әрі - Консорциум) «Сары-Арқа» МГ құрылысының 1 кезеңінің ТЭО (Астана қ. дейін) әзірленді, «Мемсараптама» РГП оң қорытындысын алды.

Сметалық құн – жергілікті желілерді төсеуге және жергілікті газды сақтау құрылыстарына кететін шығындарды ескермегенде шамамен 370 млрд теңге.

2017 жылы 30 қазанда «ҚазТрансГаз» АҚ және Консорциум арасында «Сары-Арқа» МГ құрылысының 1 кезеңінің ЖСД 2018 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімге әзірлеу бойынша жасалды.

Бүгінгі күні Жобаның 1 кезеңінің құрылысын қаржыландыру көздерін анықтау үшін әртүрлі деңгейдегі кездесулер мен жиналыстар өткізілуде.

Магистралды газ құбыры құрылысының басталуы 2019 жылға жоспарланып отыр.

ИННОВАЦИЯЛАР

«ҚазТрансГаз» АҚ инновациялық дамуын іске асыру аясында және бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ету, қызметтің ғылыми-техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіру мақсатында ҚТГ компаниясы тобы бойынша Ғылыми-техникалық кеңес (ФТК) жұмыс істейді.

ФТК-те инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстар, ҚТГ құрылымдық бөлімшелерін өндірістік-техникалық дамыту бағдарламалары, сонымен қатар ҚТГ компаниясының тобы үшін маңызды техникалық-экономикалық мәні бар әзірлемелер бойынша есептер қарастырылады.

2017 жылы ҚТГ ФТК 7 (жеті) отырысы ұйымдастырылды.

12 мәселе қарастырылды және мақұлданды, оның ішінде 6 мәселе инновациялық құраушылармен байланысты болды:

I. Демонтаждаланған құбырларды пайдаланудың тиімділігін арттыру және магистральдық газ құбырларының желілік бөлігін күрделі жөндеуден өткізу сапасы туралы мәселені қарастыру.

Орындалуы: СтройГрупп Менеджмент (СГМ) және «КазТурбоРемонт» (КТР) АҚ компаниясы топтарының презентациялық материалын және 2018 жылы «Газпром» ЖАҚ объектілерінде СГМ компаниясының қатысуымен құбырларды қайталап қолдану кешенді жұмыстарын орындау тәжірибесін зерттеу қажеттілігін мәліметке және одан әрі зерттеуге қабылдау.

II. «Пауэр Инжиниринг Технолоджиз» (Ресей) ЖШҚ газ турбиналы жабдықтарды пайдаланудың энергиялық тиісті жобаларын енгізу бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу туралы ұсыныстарын қарастыру.

Орындалуы: Газ турбиналы жабдықтар саласындағы қарқынды инновациялық техникалық шешімдер және технологиялар энергиялық тиімді технологияларды енгізу бойынша ұсыныстарды жасау үшін ГПА сүзгілеу жүйесі тұрғысынан одан әрі зерттеуге қабылданды.

III. «Агрессивті ортада пайдаланылатын газ құбырларын қорғау үшін Аз тоқтың катодты қорғау режимі станциясымен (АТКҚР) коррозиядан конструкциялық металлдарды қорғау жүйесі» жобасын қарастыру.

Орындалуы: 2018 жылы «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Уральск» «Уральск» МГБ «Одақ» ЛПУ магистралды газ құбыры

учаскесінде АТКҚР тәжірибелік-өнеркәсіптік сынауды өткізу шешімін қабылдау, оның нәтижесі бойынша берілген технологияны ГТС магистралды және тарату газ құбырларында электр химиялық қорғау үшін қолданудың мақсаттылығы туралы қорытынды қабылданды.

IV. «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС тапсырысы бойынша технологияны талқылау – «Табиғи газдан синтетикалық көмірсутекті (КС) алу» (Ресейдегі DIRECTOR OF PAVILION, павильонында көрсетілген технология)

Орындалуы: газ химия процесстерін іске асыру, табиғи немесе ілеспе газдан синтетикалық КС өнімдерді алу, теориялық орындалады, тәжірибеде үлкен капиталды шығындары және түпкілікті өнімнің жоғары құны есебінен берілген технологияны енгізу технологияның дамуының ағымдағы деңгейінде мақсатты болып табылмайды. Бензинді алу қондырғысы үшін болжамды бағалау капиталды шығындары 800 млн. АҚШ долл. дейін құрайды. Өткізілген алдын ала есептер мен берілген технологияны қолдану тиімділігін талдау қорытындысы бойынша «капиталға сыйымды технология» орнатылды, оларды «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясы тобында қолдану бүгінгі күні мақсатты емес.

V. «ҚазТрансГаз» АҚ деректерді жинау және газды есептеудің автоматтандырылған жүйесін диспетчерлеу» жобасын қарастыру.

Орындалуы: Ақпаратты жинау және газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін диспетчерлеу бойынша кешенді жұмысты орындау Мемлекеттік сараптамаға берілді және қазір тексеру кезеңінде.

VI. «Қарағанды бассейнінің Шерубайнұр көмірлі ауданында көмір қабатынан метан өндіру және коммерцияландыру перспективаларын бағалау» есебі.

Орындалуы: «Бейкер Хьюз Қазақстан» ЖШС «КИНГ» АҚ бірігіп Қарағанды бассейні Шерубайнұр учаскесі аясында көмір қабаттарынан метанды (КҚМ) өндіру мақсаттылығын анықтау бойынша кешенді талдау орындалды.

Алдын-ала бағалау бойынша, көмір қабаттарындағы метанның геологиялық қоры 6,98 млрд. м³ құрайды (P50 базалық нұсқасына сәйкес). Учаскенің геологиялық және гидродинамикалық моделі жасалды, ұңғыманың болжамды дебиттері анықталды, жобалық шешімдер және тиімді өндіру технологиясы негізделді, кен орнын игерудің оңтайлы нұсқасы таңдалды.

ҚарМТУ сарапшыларымен бірге мынандай ұсыныстар берілді: метанды бөлудің шарттарының ерекшеліктерін ескерумен пилотты бағдарлама аясында КҚМ өңдеу кезінде туындаған белгісіздіктерді кеміту және Шерубайнұр учаскесінде, сол сияқты жалпы Қарағанды бассейнді газды өндірудің оңтайлы технологиясын анықтау мақсатымен 2018-2019 жж. ГРБ өткізумен ұңғымаларда көлденең учаскелерді қию технологиясын сынаумен учаскелерді одан әрі зерттеуді жалғастыру.

VII. «Амангелді Газ» ЖШС Шарттық және іргелес аудандарында қолданыстағы геологиялық-геофизикалық материалдарды кешенді талдау және қайта қарастыру» есебі

Орындалуы: 2018 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ-на қарауға беруге жоспарланатын перспективалы учаскелер бойынша техникалық-экономикалық негіздеме жасалуда.

VIII. «Қысымды қалпына келтіру қисықтарын алып тастау арқылы Амангелді тобының кен орнындағы өндірістік пайдалану қорының ұңғымаларын бір мезгілде жабу» жұмысының нәтижелері.

Орындалуы: КВД ұңғымаларды бір мезгілде күрделі жабу 2018 жылы пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

IX. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының өндіріс бөлімшелерінің басқарушылық пайдаланушылық (өндірістік) міндеттерін шешудің бірыңғай геоақпараттық жүйесін енгізу.

Орындалуы: 2017 жылдың желтоқсанында «Интергаз Орталық Азия» АҚ ««Inspire analytical GIS Аналитикалық геоақпараттық жүйе» бағдарламалық өнімін сатып алды. Қазіргі уақытта осы бағдарламалық жасақтаманы сынап пайдалануға енгізу процесі жүріп жатыр.

X. ISO 50 001 стандартына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-да энергия аудитін жүргізу және ЕТҰ объектілеріне энергия менеджменті жүйесін енгізу бойынша «Қазақстандық Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» ЖШС ұсынысын қарау.

Орындалуы: ISO 50 001 стандартына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-да энергия аудитін жүргізу және ЕТҰ объектілеріне энергия менеджменті жүйесін енгізу бойынша «Қазақстандық Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» ЖШС ұсынысы назарға алынды.

Тендерлік процедураларға қатысуды қабылдау ұсынылды.

FTK жұмысының шеңберінде ҚТГ өндірістік қызметінің мәселелері қаралды:


1. Қазақстан-Қытай газ құбырының («А» және «В» жіптері) өткізу қабілеттілігін жылына 40 млрд.м³ дейін арттыру мәселесін қарастыру.

2. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырының өткізу қабілетін арттыру үшін «Бозой» компрессорлық станциясын кеңейту қарастырылды.

«ҚазТрансГаз» мүддесі бар мәмілелер

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында Қазақстан Республикасының Заңымен айрықша талаптар белгіленген мәмілелерді жасау Қағидаларына сәйкес есепті кезең аралығында Басқарма жасауда мүддесі бар «ҚазТрансГаз» АҚ мәмілелері бойынша 26 шешім қабылдады.

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Компанияның 2018 жылға арналған жоспарлары

- Салған инвестицияларын қайтарғаннан кейін «ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ-ны тарату
- «ҚазТрансГаз - Тбилиси» ЖШҚ жарғылық капиталындағы «ҚазТрансГаз» АҚ 100% қатысу үлесін сату
- «Сары-арқа» МГ құрылысының 1 кезеңінің ЖСҚ әзірлеу және Мемлекеттік сараптама қорытындысын алу
- «Қарағанды көмір бассейнінде көмір қабаттарына метанды өндіру» жобасын ҒЗТКЖ аясында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру, акционерлердің жобаны одан әрі іске асыруы туралы шешімді қабылдауы.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ҚТГ және оның еншілес және тәуелді қоғамдарының қызметі тәуекел әсеріне бейімделгіш болып келеді. ҚТГ тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын Топтың құндылығы мен беделіне әсер етуі ықтимал тәуекелдердің деңгейін төмендету бойынша шараларды уақтылы сәйкестендіруге және қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің маңызды құрамдастарының бірі ретінде таниды.

ҚТГ-ның тәуекелдерді басқарудағы мақсаты бизнестің стратегиялық және оперативті тұрақтылығында ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының 2017 жылғы тәуекелдерді басқару бағдарламасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өткізетін тәуекелдерді басқарудың тік процесін жүзеге асыру шеңберінде ҚТГ-нің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 8 1-т. шешімімен жаңа редакциядағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша Саясат (бұдан әрі – Саясат) бекітілді. Сонымен қатар ҚТГ Басқармасының 2017 жылғы 02 наурыздағы Хаттамасымен ҚТГ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері басқару процессін ұйымдастыру Қағидалары және ҰТГ тәуекелдерін басқару әдістерін таңдау, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау Қағидалары (бұдан әрі – Қағида) бекітілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және тәуекелдер бойынша жауапкершілікті белгілеу үшін ҚТГ және оның ЕТҰ тәуекелдерді басқару саясаты мен Қағидалары құрылады.

2017 жылдың 15 шілдесі мен 15 тамызы аралығында ҚТГ ЕТҰ тәуекел менеджерлері мен тәуекелдерді үйлестірушілері тәуекелдерді басқарудың тік процесін енгізу, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалаудың жаңа әдіснамасы бойынша оқытылды.

ҚТГ және оның ЕТҰ құрылымдық бөлімше және / немесе тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты тұлға Компанияның бірінші басшысына бағынады.

2017 жылғы 8 ақпан мен 2 наурыз аралығындағы кезеңде ҚТГ барлық құрылымдық бөлімшелерінің және оның ЕТҰ-ның негізгі қызметкерлерінен келесі тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша сұхбат алынды:

- 1) ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер анықталды;
- 2) тәуекелдерді іске асыру кезіндегі зиянның әлеуетті мөлшері анықталады.

Төменде ҚТГ және оның ЕТҰ негізгі тәуекелдері Компанияның қызметіне елеулі әсер етуімен келтірілген.

ҚТГ-да ҚТГ және оның ЕТҰ тәуекелдердің Классификаторына сәйкес қауіп-қатер кодтары тағайындалған 65 тәуекел сәйкестікті анықталды, тәуекелдер иелерін анықталды және тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 21 негізгі тәуекел сәйкестендірілді және ҚТГ негізгі тәуекелдер картасында көрсетіледі.

Газды сатып алу-сату шарты (экспорт) аясында газды жеткізу тұрғысынан міндеттемелерді орындамау тәуекелі

Тәуекелдің туындауы бірнеше факторларға байланысты:

1. Ішкі нарықта тұтынудың артуы;
2. Сатып алушы тарапынан газды қабылдаудан бас тарту;
3. Жеткізуші тарапынан міндеттемелерді орындамау.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қойылатын талаптарды заңнамалық өзгерту.

Осы тәуекелді іске асыруға келесі факторлар әсер етеді:

ҚТГ-ның кәсіпкерлік (өндірістік-коммерциялық) қызметін жүзеге асырудағы шектеулер. Тарапты ұйымның бизнесіне 50%-дан астам қатысу үлесін беру. Холдинг ішілік кооперацияның болмауы. Басты серіктеске тәуелділігімен байланысты белгісіздік – ҚТГ және «Самұрық-Қазына» ФНБ АҚ (Қор) компания топтарымен нарықтық қатынасқа көшу, ҚТГ және Қор компаниясының тобымен жалпы жиналыста өткізілетін автокөлікті және арнайы техниканы жалдау қызметі тендеріне қатысу. Топтың және Қордың тендерлеріне қатысу арқылы Қор Холдинг шеңберінде бәсекелестікті күшейту - Қордың ірі сервистік автокөлік компанияларының болуы.

Негізгі әріптеске («Газпром» ЖАҚ) тәуелділікпен байланысты белгісіздік.

Бұл тәуекелді іске асыру мынадай факторлармен байланысты:

«Газпром» ЖАҚ-ның Орталық Азия газын сатып алудан бас тарту. «Газпром» ЖАҚ газының Еуропаға, соның ішінде Украинаға газ экспортын қысқарту. Ресейдегі экономикалық жағдай, Ресейдегі ішкі газ тұтыну көлемінің төмендеуі. «Газпром» ЖАҚ немесе газ жеткізушілері тарапынан шарттық міндеттемелерін орындамауы. Шарттық міндеттемелерді орындау үшін газ жеткізуші елдер үшін ресурстық базаның болуы. Әлемдік экономиканың жағдайы. Климаттық жағдайлар. Газ жеткізуші / тұтынушы елдеріндегі саяси және экономикалық жағдай. «Газпром» ЖАҚ газды тұтынушыларымен саясаты. «Газпром» ЖАҚ газ транзитіне тарифтерді көтеру мәселесіндегі теріс позициясы. Ресей газын өндіру көлемін ұлғайту.

Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы.

АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысы бойынша өзгеруімен байланысты валюталық шығындар, пайыздық мөлшерл-

емелер ықтималдылығы, ағымдағы сауда балансының жағдайы, инфляция деңгейі, экономикалық және саяси жағдайлар.

«ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ-ға қаржылық көмегінің қайтарылмау және «ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ салынған инвестициялардың қайтарылмау тәуекелі

Бұл тәуекел Грузиядағы («ҚазТрансГаз Тбилиси» ЖШҚ) және Қырғызстан Республикасындағы тұрақсыз саяси жағдайға («ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ) байланысты болуымен негізделеді.

Қазақстанның оңтүстігіне айырбастау операциялары шеңберінде импортталатын газдың жетіспеушілігі (ОЗП кезеңіндегі газ тапшылығы)

Тәуекелдің пайда болуы жеткізуші тарапынан міндеттемелерді орындамаумен негізделеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жүйелендіру және біріктіру мақсатында ҚТГ-да ҚТГ тобының тәуекелдер тізілімі әзірленді және басты тәуекелдер Тәуекелдер картасына енгізілді:

«ҚазТрансГаз» АҚ және оның ДЗО 2017 ж. тәуекелдер картасы

		Зиян мөлшері				
		ЕЛЕУЛІ ЕМЕС ШЫҒЫН	ЕЛЕУЛІ ШЫҒЫН	ІРІ ШЫҒЫН	ШЕКТІ ШЫҒЫН	КАТАСТРОФИЯЛЫҚ ШЫҒЫН
Ықтималдылығы	ӨТЕ ЖОҒАРЫ			3.8.3		
	ЖОҒАРЫ		4.1.2	1.2.3; 4.1.2a 4.1.2b; 4.1.2d	3.3.1	3.3.1d; 3.5.9
	ОРТАША		2.2.3.; 4.2.3	3.3.1f; 3.3.1e; 2.3.2c	2.3.1	2.3.2b; 3.3.1a 3.3.1b; 232a
	ТӨМЕН					3.9.6
	ӨТЕ ТӨМЕН		1.2.7			

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	Зиян сомасы
■ 3.3.1d	Газды сатып алу-сату келісімшарты аясында газды жеткізу тұрғысынан міндеттемелерді орындамау тәуекелі	35 439
■ 3.5.9	Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы	78 303
■ 3.8.3	Кәсіпкерлікті қызметті жүргізуге қойылатын талаптардың заңнамалық өзгеруі	
■ 3.3.1	Басты серіктестке тәуелділігімен байланысты белгісіздік (Газпром ААҚ)	
■ 2.3.2b	Кредиттік міндеттемелер бойынша дефолт/кроссдефолт тәуекелі	68 333
■ 3.3.1a	«ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ қаржылық көмегін қайтармау тәуекелі	57 900
■ 3.3.1b	ҚР оңтүстігіне ауыспалы операциялар негізінде импорт газын толық жеткізбеу (ОЗП кезеңіндегі газдың жетіспеушілігі)	39 100
■ 2.3.2a	Кепілдік міндеттемелер бойынша дефолт/кроссдефолт тәуекелі	25 856
■ 1.2.3	Газды тасымалдау кезіндегі техногенді немесе өндірістік авария	
■ 4.1.2a	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» («Бозой» КС «Қараөзек» КС) МГҚ құрылыс мерзімін жылжыту	
■ 4.1.2b	«Қазақстан-Қытай» МГҚ «С» нүктесінің құрылыс мерзімін жылжыту	
■ 4.1.2d	«Қансу кен орны» жобасының іске аспау тәуекелі	11 000
■ 2.3.1	Депозит салымдары бойынша банк дефолтының тәуекелі	16 667
■ 3.9.6	Көтерме өткізудің шекті бағасын бекітпеу тәуекелі	137 470
■ 4.1.2	«Қарағанды көмір бассейні» ДМУП инвестициялық жобасының мерзімдерін жылжыту	
■ 3.3.1f	«ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ салынған инвестицияларын жоғалту	11 900
■ 3.3.1e	«Қансу кенорны» жобасы бойынша стратегиялық серіктестіктің болмау тәуекелі	11 000

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	Зиян сомасы
■ 2.3.2с	Кассаның үзілу тәуекелі	13 889
■ 2.2.3	КС инвестициялық жоспарын орындамау тәуекелі	9 960
■ 4.2.3	«Амангелді» кен орнында геологиялық деректерді мақұлдамау тәуекелі	5 851
■ 1.2.7	Нормативтік ластау тәуекелі	

«ҚазТрансГаз» АҚ мәдениет тәуекелін жетілдіру

1. Тәуекелдер жөніндегі Комитеттің жұмысы күшейтілді, ҚТГ және оның ЕТҰ мақсаттарына қол жеткізуге кері әсерін тигізуі мүмкін барлық маңызды оқиғалар ҚТГ және ЕТҰ тәуекелдері бойынша Комитеттердің отырыстарында коллегиялық қарастырылады;

2. ҚТГ компаниялар тобының тәуекелдерін сақтандыруды қорғауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Тәуекелдерді сақтандыру бойынша тренинг ұйымдастырылды.

3. Өндірістік, операциялық және қаржылық процестерді тексеру негізінде шығарылған ұсыныстарды орындау мониторингі жүргізілді, орындалуы 100% құрады.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ газды тасымалдау және сақтау жөніндегі Аға вице-президентінің КПД кіретін «Тәуекелдерді басқарудың тік процесін енгізу» іс-шарасы 100% орындалды.

5. Қаржылық тәуекелдер бойынша есептілік жиынтығы жасалды - тоқсан сайын мониторинг жүргізілді:

- мемлекеттік тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтау;
- контрагент-банктер алдындағы міндеттемелер бойынша лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валютадағы пайыздық үзіліс.

БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ҚТГ компаниялар тобында Қазақстан Республикасының стратегиялық артықшылықтарын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық басымдықтар анықталды. Компания басшылығы өз миссиясын, көзқарастарын және құндылықтарын жасады және өз қызметкерлерінің, тұтынушыларының және басқа да мүдделі тараптардың назарына жеткізді.

ҚТГ-ның біріктірілген менеджмент жүйесін (БМЖ) қолдану аясы Қазақстан Республикасында газды барлау, өндіру, тасымалдау, бөлу және сату жөніндегі активтерді корпоративтік басқару болып табылады.

ҚТГ компаниялар тобындағы біріктірілген менеджмент жүйелерін енгізу және жетілдіру бөлігіндегі қызметті үйлестіруді Корпоративтік дамыту департаменті, үйлестіру жинақ жұмысы және БМЖ департаменті жүзеге асырады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компания топтары бойынша 2017 жылы БМЖ саласында өткізілген іс-шаралар, сертификаттау органы және сертификаттар берген жылдары жөніндегі ақпарат

«ҚазТрансГаз» АҚ

AFNOR Certification 2016 ж.

1. «ҚазТрансГаз» АҚ-да және оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдарында БМЖ-нің ішкі аудиттері өткізілді.
2. ISO 9001: 2015, ISO 14001: 2015, OHSAS 18001: 2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін БМЖ қадағалау аудиті өтті.
3. «EFQM - 2013» іскерлік-жетістіктерінің еуропалық үлгісін сыртқы бағалау (валидация) 3 жұлдызды «Танылған жетілдіру» деңгейінде өтті.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

AFNOR Certification 2016 ж.

TOO «Asia CertLine» 2016 ж.

1. Компанияның орталық аппараты Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінде және оның өндірістік филиалдарында БМЖ ішкі аудитін өткізді.
2. ИСО 9001-2009 (ISO 9001:2008), ҚР СТ ИСО 14001-2006 (ISO 14001:2004), ҚР СТ ОHSAS 18001-2008 (OHSAS 18001:2007), ҚР СТ ISO 50001:2012 сериялы мемлекеттік және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін біріктірілген менеджмент жүйесінің қадағалау аудиті өтті.
3. EFQM еуропалық жетістік үлгісіне сәйкес сыртқы бағалау (ассесмент) 4 жұлдызды «Танылған жетілдіру Recognized for Excellence» деңгейінде өтті.

ТОО «Амангельды Газ»

AFNOR Certification 2016 ж.

1. ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін БМЖ қадағалау аудиті өтті.
2. «EFQM - 2013» іскерлік-жетістіктерінің еуропалық үлгісін сыртқы бағалау (валидация) 3 жұлдызды «Танылған жетілдіру» деңгейінде өтті.

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

AFNOR Certification 2016 ж.

1. ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін БМЖ қадағалау аудиті өтті.
2. «EFQM - 2013» іскерлік-жетістіктерінің еуропалық үлгісін сыртқы бағалау (валидация) 3 жұлдызды «Танылған жетілдіру» деңгейінде өтті.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

TÜV Thüringen e.V. 2016 ж.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін БМЖ қадағалау аудиті өтті.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

AFNOR Certification 2016 ж.

«InterCert» сертифициаттау орталығы» ЖШС 2014 ж.

1. EFQM іскерлік жетістік үлгісін енгізу бойынша жұмыс жүргізілді, «Танылған жетілдіру» деңгейі, 5 жұлдыз.
2. «Quality Innovation 2018» халықаралық байқауына қатысу үшін материалдарды дайындау бойынша консультациялық-әдістемелік жұмыс жүргізілді.
3. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін қадағалау аудиті өтті, сонымен қатар ҚР СТ ИСО 50001:2012 мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкестігі үшін БМЖ қадағалау аудиті өтті.

«Азия газ құбыры» ЖШС

TUV NORD Certification. 2016, 2017 жж.

1. 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін БМЖ қайта сертификациялау аудиті өтті.
2. Энергетикалық менеджмент жүйесін құжаттандыру және енгізу бойынша жұмыстар өткізілді.
3. ISO 50001:2011 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін энергетикалық менеджмент жүйесінің қадағалау аудиті өтті.

«ҚазРосГаз» ЖШС

«Бюро Веритас Қазақстан» ЖШС 2016 ж.

ISO 9001:2008 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін СМЖ қадағалау аудиті өтті.

ҚТГ компаниялар тобы қызметтің сапалы деңгейі қызметкерлердің материалдық әл-ауқатының деңгейін жоғарлату, серіктестер мен жеткізушілер үшін іскерлік мүмкіндіктердің өсуіне ықпал ету, кәсіпорын кірісін арттыру арқылы барлық мүдделі тараптардың талаптары мен үміттеріне сәйкес келетіндей басқаруды ұйымдастыруға ұмтылады. Сонымен бірге ҚТГ компаниялары тобы қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға кері әсерін болдырмауға ұмтылады.

ҚТГ компаниялар тобында кәсіби тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ету, қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау, сапаны жақсарту жөніндегі қызметтің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- Бизнес-процестерді талдау, тұрақты мониторинг, мүмкіндігінше процестерді автоматтандыруды енгізу және оларды біртіндеп реинженеризациялау арқылы қызмет тиімділігін үздіксіз арттыру. Басқару технологиялары саласындағы озық тәжірибені үздіксіз зерттеу және пайдалану және еншілес компанияларды оларды қолдану процедурасына тарту;
- барлық деңгейдегі көшбасшылық пен бастамаға деген ұмтылысты қолдау, ұжымның әрбір мүшесінің жауапкершілігін және кәсіпқойлығын жоғарылату;
- инновациялық технологияларды енгізу және қызметтердің жаңа түрлерін дамыту саласында бизнес-серіктестермен сенімді қарым-қатынас орнату;
- оңтайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды қалыптастыру, қызметкерлердің ынталандырылуын арттыру;
- өндірістік қызметке қатынасы бойынша адамдардың өмірі мен денсаулығының басымдығын сақтау;
- ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және интеграцияланған менеджмент жүйесінде тәуекелге бағдарланған тәсілмен мәселелердің пайда болуын, олардың себептерін ескерту;
- Қоршаған ортаны ластауды осындай әсерлердің салдарын жою жөніндегі іс-шараларға дейін қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөніндегі алдын-алу шараларының басымдығы арқылы ескерту;
- сапа менеджменті жүйесінің, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігінің, экологиялық менеджмент жүйесінің

заңнамалық, нормативтік талаптарға және мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

■ еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары бойынша қызметке белсенді қатысуға барлық қызметкерлерді жүйелі тарту. Осы тартуды ынталандыру, сондай-ақ осы салалардағы қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру;

■ біріктірілген менеджмент жүйесін үздіксіз жақсартуды, оның нәтижелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету.

«ҚазТрансГаз» АҚ компания топтары бойынша БМЖ/СМЖ саласындағы сертификаттардың бар болу кестесі

СТАНДАРТТАР

ҰЙЫМ АТАУЫ	«Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар» 9001	«Қоршаған орта менеджментінің жүйесі. Талаптар және пайдалану жөніндегі нұсқаулық» 14001	«Гигиена және еңбек қауіпсіздігі менеджментінің жүйесі» 18001	«Энергетикалық менеджмент жүйесі. Талаптар және пайдалану жөніндегі нұсқаулық» 50001
«ҚазТрансГаз» АҚ	+	+	+	-
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	+	+	+	+
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	+	+	+	+
«Амангелді Газ» ЖШС	+	+	+	-
АО «ҚазТрансГаз Өнімдері»	+	+	+	-
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	+	+	+	+
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	+	+	+	-
«ҚазРосГаз» ЖШС	+	-	-	-

Өзінің үздіксіз дамуы үшін ҚТГ компаниялары тобы сапа кепілдігі саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге және ұсынылатын қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, басқарудың тиімділігі жоғары әдістерін және сапа жүйесі, денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұстанымдарын қолдану салдары ретінде тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған процестерді жүргізеді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергияны үнемдеу

«Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заңының күшіне енгізілуімен және оған ішкі нормативтік актілерді қабылдаумен Қазақстанда энергияны үнемдеуге және энергияның тиімділігіне қойылатын талаптарға сәйкес заңнамалық база құрылды. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның міндеттерінің бірі ЕТҰ қызметінің энергия тиімділігі тұрғысынан заңнаманың талаптарына сәйкестілігіне мониторинг жүргізу болып табылады.

ҚТГ энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саясатын жүргізеді. ҚТГ компаниялары тобының газды тасымалдау, тарату және жерасты газын сақтау бойынша энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметін дамыту бағыттары ҚТГ компаниялар тобының энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасында анықталған.

ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік мақсаттарды іске асыру үшін 2016-2019 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірленді. «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азия газ құбыры» АҚ, «ҚазТрансАймақ» АҚ энергия менеджменті жүйесі ISO 50001 халықаралық стандартына сәйкес енгізілді.

Бағдарламаның іс-шараларын табысты іске асыру кезінде мыналарға қол жеткізіледі: газды жеке мұқтаждықтар үшін және технологиялық шығындардың (ЖҚТШ) 90,5 млн. м³ астам шамаға төмендеуі және электр энергиясын 17,8 млн. кВт*с астам тұтыну, бұл 125 мың тонна шартты отынға (бұдан әрі – т.ш.о.) дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаға сәйкес энергияны үнемдеу саясатының негізгі міндеттері:

- энергияны үнемдеу әлеуетін барынша іске асыру және энергияны үнемдеуді басқаруды жетілдіру;
- инновациялық технологиялар мен жабдықтарды қолдану негізінде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру;
- қоршаған ортаға техногенді жүктемені азайтуды қамтамасыз ету.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру жөніндегі бағдарламасына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да ҚТГ компаниялар тобының отын-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы есебін ұсыну ұйымдастырылған.

ҚТГ компаниялар тобына арналған Энергияны үнемдеу жоспары жасалды және негізгі іс-шаралар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Энергия тиімділігінің жол картасына бағытталған, атап айтқанда:

- Электр жетегі бар КС компрессорлық станциялардың жүктемесін оңтайландыру. Жиілік басқарылатын жетекпен ЭГПА-ны жабдықтау (үш ЭГПА үшін бір ЧПР);
- Газ турбиналық қозғалтқышы бар КС компрессорлық станциялардың жүктемесін оңтайландыру «Уральская» КС-дағы ГТК–10И түріндегі ГТК қондырғыларының осьтік компрессорын тазалау жүйесін енгізу;
- газ құбырын жөндеу кезінде мобильді компрессорлық станцияны пайдалану (атмосфераға газ шығарындыларын жою);
- Жаңа ұрпақты катодты станцияларын орнату (ескіргеннің орнына);
- Компрессорлық станциялардың қосалқы станцияларында конденсаторлық қондырғыларды орнату (жүктеме коэффициентін арттыру және электр энергия сапасын жақсарту).



Ресурстық энергияны үнемдеу іс-шараларын іске асыру шеңберінде ЕТҰ отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтынуды және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады.

ҚТГ компаниялары тобының 2017 жылы отын-энергетикалық ресурстарын (ОЭР) тұтыну көлемі 1 303 910,9 тонна шартты отынды (т.ш.о.) құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 28,72% (928745,1 т.ш.о.) өсті. 2017 жылы энергияны тұтынудың артуы «Қазақстан-Қытай» МГ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ арқылы газды тасымалдау көлемінің ұлғаюымен байланысты.

2017 жылы газды тасымалдаудың энергия тиімділігінің көрсеткіші 0,01061 тшо / мың теңгеге құрады, 2016 жылмен салыстырғанда, 57,5% -ға (0,0061 тшо / мың теңгеге) өсті. 2017 жылы энергия тиімділігінің деңгейінің артуы «Қазақстан-Қытай» МГ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ арқылы газды тасымалдау көлемінің ұлғаюымен байланысты.

ҚТГ компания топтары бойынша энергияны үнемдеу әлеуеті 2016-2019 жж. 67588,12 т.ш.о. құрайды. ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) үнемдеуі 2017 ж. 11114,209 т.ш.о. құрады (4986,9 мың кВтс, 7878,9 мың куб.м., 632,7 тн ГСМ). Онымен қоса «Интергаз Орталық Азия» АҚ үлесіне энергия ресурстарының үнемдеуінің 85 % тиесілі, яғни 2017 жылы үнемдеу 9550 т.ш.о. құрады (7678 мың м³, 4605 мың кВтс). Негізгі энергияны үнемдеу шаралары табиғи газды және электр энергиясын тұтынуды азайтуға бағытталған.

Энергияны үнемдеу саласында және электр энергиясын және жылу энергиясын оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында міндеттерді орындау аясында:

- ЕТҰ әкімшілік ғимараттарында балқу шамдарымен жарықтандыру толығымен энергияны үнемдейтін шамдарға ауыстырылды;

- қуат коэффициентінің нормативтік мәнін ($\cos \phi$) қолдау үшін «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Амангелді Газ» ЖШС электр желілерінде өтеу құрылғылары орнатылды. Қуат коэффициентінің мәні МЕМСТ 13109-97 талаптарына сәйкес келеді;

- «Waterkotte» типтегі геотермалды жылу сорғыштары енгізілді және «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Уральск» МГБ -3 бірл. және «Атырау» МГБ – 6 бірл. табысты жұмыс істейді;

- «Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбырында күн панельдері тиімді жұмыс істейді (2017 жылы - 464659 кВт*с электр энергиясы шығарылды);

- жылы сумен қамтудың аралас жүйелері тиімді жұмыс істейді (жазғы уақытта номиналды қуаты 1,0 бастап 6,0 кВт электр су жылықтыштары («ARISTON», Termex model H150-V) жұмыс істейді.

Мақат желілік-өндірістік басқармада, «Атырау» МГБ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ энергия ресурстарын есептеудің кешенді автоматты жүйесі (ЭРЕАЖ) сенімді жұмыс істейді, ол «Энергияны үнемдеу-2020» Бағдарламасына сәйкес іске асырылды (Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2013 ж. №904 қаулысымен бект.).

Жылыту үшін арналған «Waterkotte» типтегі геотермалды жылу сорғыштары және ГВС «Интергаз Орталық Азия» АҚ (МГБ «Уральск» -3 бірл. және МГБ «Атырау» – 6 бірл.) табысты жұмыс істейді. 2017 жылы жылу сорғыштарымен геотермалды (жылу) энергиясын өндіру 678,54 Гкал құрады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компания топтарының бизнесін түрлендірудің Жол картасын орындауда газды тасымалдау және сақтау бойынша қызмет көрсету кезінде орындалатын бизнес-үдерістерді оңтайландыру, сонымен қатар шығындарды оңтайландыру мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ барлық еншілес ұйымдары «КазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС балансына автокөліктік және арнайы техниканы тапсырды (бұдан әрі – АКЖАТ).

«КазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС АКЖАТ газ отынын пайдалану үшін көшіру бойынша жұмыстарды өткізеді. 2017 жылы 72 бірл. АКЖАТ көшірілді, 2018 жылы АКЖАТ газ отынын пайдалдануға 67 бірл. Көшіру жоспарлануда.

Газ моторлы отынды дамыту бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасында АГЖКС желісі арқылы 17,5 млн. м³ айдалған табиғи газы (АТГ) өткізілді, бұл 15,0 мың тонна көлемінде дизель отынымен (ДО) баламалы ауыстырылды.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес және еі қол жетімді технологияларға сәйкес келу мақсатында «Бейнеу -Бозой – Шымкент» МГ объектілерінле қуаты 13,4 МВт DLE шығарындылардың төмен деңгейімен жану жүйесі бар газды айдау агрегаттары (ГАА) қолданылады.

«Бозой» КС ТМД аналогы жоқ соңғы ұрпақтың газды айдау агрегаты (ГАА) пайдалануға берілді, ол табиғи газды екі әртүрлі қысымды магистралды газ құбырларынан қабылдай алады.

Сенімді және қауіпсіз энергия көздерін қолдану үшін, электр берілісі желісінің орнына «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ магистралды газ құбырында, сонымен қатар КС вахталық қалашығында энергияны үнемдейтін технологиялар қолданылады, олар: газ турбиналы электр агрегаттары базасында «Capstone C-30» маркалы блок кешендік электр станциялары (БКЭС). БКЭС жылу энергиясын электр энергиясын тікелей түрлендіру жолымен электр энергиясын шығарады.

«Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбырында энергияны үнемдейтін технологиялар қолданылады: CCVT- Closed cycle vapor turbogenerator типіндегі тұйық циклді бутурбогенераторы, термоэлектр генераторлары (ТЭГ) және автономды режимде жұмыс істейтін фото электр модульдері (электр желілері Қазақстанның энергия жүйесімен байланысты емес).

Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігінің ресми сайтында орналастырылған <http://energo.gov.kz/index.php?id=7> (бұдан әрі - Тізім) технологияларды қолдану мүмкіндігін қарастыру аясында шетел

(105 бірл.) технологиялардың, сонымен қатар отандық (28 бірл.) технологиялардың жалпы тізімінен «ҚазТрансГаз» АҚ еншілес ұйымдарымен келесі технологиялар әлеуетті перспективті болып қарастырылады:

1. «ҚазТрансгаз» АҚ - «Турбодетандерлар» Тізім бойынша №27 позиция;

2. «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС - «Табиғи немесе ілеспе газдарынан синтетикалық өнімдерді (СӨ) алу» Тізім бойынша №39 позиция.

Табиғи немесе ілеспе газдардан синтетикалық көмірсутектерді өндіру, газохимиялық процестерді жүзеге асыру теориялық тұрғыдан мүмкін болады, іс жүзінде күрделі шығындар мен түпкілікті өнімнің жоғары құнына байланысты берілген технологияны енгізу технологияның дамуының ағымдағы деңгейіне мақсатты болып табылмайды. Бензин алу үшін орнатуға арналған алдын ала бағалаудың күрделі шығындары 80 млн. АҚШ долларын құрады. Өткізілген алдын ала есептер және «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС «Табиғи немесе ілеспе газдарынан синтетикалық СК алу» (капиталға сыйымды технология) технологиясын қолдану тиімділігін талдау қорытындысы бойынша бүгінгі күні мақсатты болып табылмайды.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ электр энергиясын сату бойынша лицензиясы бар мүдделі компаниялармен ықтымақтасуға дайын екендігін білдіреді. «Эргономика» НПФ ЖШС мекенжайына газ тарату желілері объектілерінде детандер-генераторлар агрегаттарын (турбодетандерлер) енгізу мәселесі бойынша ынтымақтасу туралы ұсыныс бағытталды.

Энергия ресурстарының құнының болжамды өсуін (табиғи газ, электр энергиясы), сонымен қатар оларды тұтыну өсімін ескерумен, «ҚазТрансГаз» АҚ барлық ЕТҰ үшін жалпы міндет энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша экономикалық ақталған іс-шараларды іске асыру есебінен ТЭР шығындарды төмендету болып табылады.

Жаңартылған энергия көздеріне (ЖЭК) пайдалану саласында нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттаманы әзірлеу және жетілдіру қолдау тетігін құруы керек, ол инвесторларға салған инвестициялардың қайтарымдылығына кепілдік беруге және салдары ретінде Қазақстан Республикасы аймағында ЖЭК пайдалану саласында жобаларды іске асыру және дамыту үшін әлеуетті инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚТГ компаниясы тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіп, өрт қауіпсіздігін, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қамтамасыз ету бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» (ЕҚББЖ) және ҚТГ еншілес және тәуелді ұйымдарының ЕҚББЖ сәйкес жүргізіледі.

Астана қ. ҚТГ компаниясы тобының қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселесі бойынша кеңейтілген отырыс өткізілді. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында жүргізілген жұмыстарға қатысты ЕТҰ еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау департаменттерінің / қызметтерінің басшыларының есептері тыңдалды. Баяндамалар оң нәтиже беріп, хаттамалық шешімді жоғарыда көрсетілген жұмыстарды жетілдіру бойынша қосымша міндеттер көрсетілген.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша мынадай мобильді қосымшалар әзірленді және енгізілді:

«8 Алтын ереже»;

«Қауіпсіздік әліппесі»;

«Қалпына келтірудің 10 қадамы».

Бұл қосымшалар мемлекеттік / орыс тілдерінде әзірленеді және iOS және Android құрылғыларын қондырғылары үшін қол жетімді, сонымен қатар Қоғамның қызметіне толығымен біріктірілген.

ҚТГ компаниялары тобы «Алтын ереже» қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Еңбек кодексін жүзеге асырады.

ҚТГ қатысуымен «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бекіткен «Жер көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті» жобасын енгізді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында өзара қатынасты және ынтымақтастықты жетілдіру мақсатында қазақстандық-қытайлық газ құбырында – «Азия газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі – АГҚ) және «Бейнеу-Бозой-Шымкентгаз құбыры» ЖШС (бұдан әрі – БШГ) арасында 2017 жылдың қыркүйегінде ҚХР Пекин қ. АГҚ және БШГ біріккен кәсіпорындарының өндірістік объектілерінде TAPLine компаниясы ұсынған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша қолдану ықтималдылығымен ынтымақтасу туралы келісімнің мәселелерін талқылау және қарастыру бойынша қытайлық серіктестермен екі жақты отырыс өткізілді. Отырыс хаттамасымен Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес ҚТГ, АГҚ және БШГ ескертулері мен ұсыныстарын ескерумен түзетулер енгізгеннен кейін АГҚ және БШГ қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында ынтымақтастық туралы келісімді қолдану ықтималдылығы туралы шешім қабылданды.

Еңбекті қорғау

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша есептіліктің 100% ашықтығына қол жеткізілді, бұл ҚТГ компаниялары тобының өндірістік объектілеріне шығып (таңдаулы) тексерулердің қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның

қорытындысымен расталады. ҚТГ компаниялары тобы бойынша ашық есеп беруді қамтамасыз ету КИСУД бағдарлама-сындағы барлық оқиғалар туралы сенімді деректерді дер кезінде қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарына сәйкес объектілерді еңбек жағдайы бойынша көп деңгейлі бақылау, білімдерін оқыту және тексеру, аттестациялау, еңбектің санитарлы-гигиеналық жағдайларын құру, арнайы жұмыс киімімен қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, медициналық және ауысым алдындағы куәландыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылған және өткізілген.

2017 жылдың 01 қаңтарында «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-да цеменеттеу агрегатының мотористі – жүргізушісі Гебель К.А. (1964 ж.т.) жұмысын орындау барысында Урал а/м кабина баспалдағынан құлап қалды. Құлау нәтижесінде сол жақ аяғының төменгі бөлігін ашық сындырып алды.

2017 жылы 25 мамырда жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу бойынша механик Алпысбаева Л.А. газ құбыры жолдарын тексеру Графигіне сәйкес еңбек міндеттерін орындады. Тексеріп біткен соң, автобус аялдамасына жақын жерде тұрады. Осы кезде екі автокөліктің қатысуымен авария болады. Нәтижесінде көлік құралдарының біреуі жол бойына ұшып кетті. ЖКО салдарынан Алпысбаева Л.А. мидың шайқалуын және оң жақтағы жамбас сүйегін сындырды;

2017 жылы 31 тамызда Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бегімбем елді мекенінен 8 км жерде «Евро-Азия Эйр» Авиакомпаниясы» АҚ Ақтөбе филиалының борттық № MI-831 MI-8 тікұшағы мәжбүрлі отырысын жасады. Қатты отыру нәтижесінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ МГБ «Тараз» жұмыскері Гузаров Н.А. оң жағындағы бет сүйек доғасының жылжуымен көптеген сынықтар жарақатын алды.

Барлық аталған жазатайым оқиғалар бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 20-тарауына (186-189-баптары) сәйкес Актілерді рәсімдеумен және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін іс-шараларды әзірлеумен тергеулер өткізілді. Барлық іс-шаралар орындалды.

Қазіргі уақытта барлық зардап шеккен жұмыскерлер емдік курсынан өтті.

Өрт қауіпсіздігі

Есепті кезеңде ҚТГ компаниялар тобының объектілерінде өрт қауіпсіздігі бойынша шаралар жүргізілді. Оларға мыналар жатады: өртке қарсы өңдеу, өрт сөндірушілерді жөндеу, қарау және қайта зарядтау, өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша қызметкерлерді оқыту және нұсқау, автоматты өрт сөндіру және дабыл жүйелерін орнату, өртке қарсы автоматика жүйесіне техникалық қызмет көрсету, өрт сөндіру жүйесін орнату және жөндеу.

Объектілерді өрттен қорғау туралы келісімдер жасалды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

Есепті кезеңде ҚТГ компаниялар тобы бойынша келесідей іс-шаралар өткізілді: құбыр желілерін диагностикалау, құбыр желілерінің ақаулы бөліктерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбыр желілерін оқшаулауды ауыстыру, қызметкерлерді оқыту және білімдерін тексеру, өндірістік объектілерді декларациялау, өндірістік бақылау.

Объектілерді заңсыз әрекеттерден қорғау, фонтанға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы келісім жасалды.

Қоршаған ортаны қорғау

Парниктік газдар шығарындыларының көздерін жыл сайынғы инвентаризациялау және парниктік газдардың төлқұжаттарын мемлекеттік кадастрда тіркеу үшін уәкілетті органға беру жұмыстары жалғасуда. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу Тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде, еуропалыққа ұқсас ПГ шығарындылары бойынша жаңа стандарттарға көшу жол картасын және қағидаларын әзірлеу бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жүргізген отырыстарға қатысты.

ҚР ЭМ болжамы бойынша «KazEnergy» АҚ ҚТГ қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық және заңға бағынышты актілері қарастырды, оның ішінде:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

2016-2020 жылдарға арналған парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің ұлттық жоспары;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің «Квотанудың субъектілері үшін парниктік газдардың түгенделуі туралы есеп беру формаларын бекіту туралы» бұйрығының жобасы;

«Өндіріс қалдықтары мен тұтырудың мемлекеттік кадастры».



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚТГ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін тани отырып, әлеуметтік прогресті дамытуға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға, өңірлердің тұрақты дамуына және халықтың әл-ауқатының артуына, сондай-ақ оның қызметкерлерінің әл-ауқатының деңгейін жақсартуға күш салады.

Әр қызметкер туралы қамқорлық, әлеуметтік мәселелерді шешудің басымдығы - бұл ҚТГ саясатының негізі.

Кадрлық саясат

Бүгінгі өзгерістердің аясында инновацияларды уақтылы енгізу, ұйымның қоршаған ортаның жағдайына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, кадрлық саясат қызметкерлердің негізгі мүдделерін қозғайтын (мысалы, жұмыспен қамту саясаты, еңбек ақы төлемі) кадрлық саясатының бөлігін қоспағанда, үнемі өзгертін сыртқы ортадағы жаңа талаптарға жауап беру ретінде іске асыру бойынша жасалады, ол болжамды және тұрақты болуға тиіс.

Кадрлық саясат қызметкерлермен жұмыс істеу саласындағы ең жақсы тәжірибені ескере отырып әзірленген персоналды басқарудың қолданыстағы тәсілдерін, әдістерін және құралдарын біріктіруге арналған, осылайша, персоналды басқару саласындағы ҚТГ корпоративтік құндылық жүйесін бірыңғай әдістемені қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді

Кадрлық саясат әзірлейтін негізі мынадай негізгі принциптерден құралады:

Ашықтық	адами ресурстарды басқару процесінің барлық сатыларындағы ашықтық
Күрделілік	адами ресурстарды басқарудың барлық қызмет салаларын қамту
Жүйелік	өзара байланыстағы саясат элементтерінің барлық компоненттерін қарастыру
Дәйектілік	ең жоғары экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ететін персоналды басқару саласындағы қазіргі заманғы ғылыми әзірлемелерді пайдалану
Тиімділік	персоналды басқару саласындағы іс-шаралар шығындары өндірістік қызметтің нәтижелері бойынша ақталуы тиіс

Компанияның тобы жұмыскерлерін әлеуметтік қорғау

ҚТГ компаниясының тобы жұмысшыларға өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік беретін ұжымдарда сау жұмыс микроклиматын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік сипаттағы төлемдердің өсіміне көп көңіл бөледі. ҚТГ қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласындағы бірыңғай корпоративтік саясатты анықтайды және әлеуметтік маңызы бар төлемдерге көп көңіл бөледі, олардың басым бөлігін материалдық көмек, әлеуметтік қызметтер пакеті құрайды.

ҚТГ өз қызметкерлеріне әлеуметтік сақтандыру қызметтерін ұсынады, оның ішінде медициналық сақтандыру, өтемақы және материалдық көмек, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлерді сауықтыру және қалпына келтіру және тағы басқалар кіреді. Ұжымдық шарттар және 2017 жылы әлеуметтік қолдау көрсету ережелері негізінде ҚТГ компания-

лар тобының қызметкерлеріне мынадай материалдық көмек көрсетілді:

- денсаулығын жақсарту үшін материалдық көмек - 2 788 522 мың теңге;
- бала туылған кезде - 125 732 мың теңге;
- қызметкердің отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты - 55 078 мың теңге;
- қызметкердің қайтыс болуына байланысты біржолғы төлем - 7399 мың теңге;
- жүктіліктің және босанудың, қыз баланы немесе ұл баланы асырап алғандардың әлеуметтік жәрдемақысы - 54 471 мың теңге;
- курорттық аудандарға сауықтыру сапарлары - 130 675 мың теңге;
- басқа төлемдер (некеге тұру, зейнеткерлікке шығу, мерейтойлық күндер және т.б.) - 87 742 мың теңге.

Корпоративтік рухты нығайту, дене шынықтыру мен спортты насихаттау мақсатында қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында Спартакиада өткізілді. Спартакиадаға «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері қатысты.

2017 жылы 7 жастан 14 жасқа дейінгі жұмыскерлердің балаларына арналған іс-шаралар мен балалардың демалысын ұйымдастыру үшін 36 615 мың теңге игерілді.

ҚТГ компаниялар тобының әлеуметтік аударымдарының жалпы сомасы (оның ішінде жұмыс берушінің әлеуметтік төлемдері) 2017 жылы 4 170 888 мың теңгені құрады.

Еңбек жағдайының, жұмыскерлер және олардың отбасыларының өмір сүру сапасы

Еңбек жағдайлары, жұмыскерлердің өмірі мен олардың отбасыларының өмірін қамтамасыз ету үшін ҚТГ компаниялар тобының бюджетінен жыл сайын Қазақстандағы үздік клиникаларда медициналық қызметтердің кең спектрін қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат бөлінеді.

Сонымен қатар, қызметкерге қызмет көрсету бағдарламасы медициналық қызметтердің толық спектрін ұсынумен қатар отбасыларына (қызметкердің ата-анасы, жұбайы және балаларына) бірдей жағдайда қызмет көрсету қарастырылған. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясымен ұсынылатын қызметтердің ауқымына физиологиялық жүктілік патронажы қарастырылған.

Осылайша, 2017 жылы ҚТГ компания топтарының қаражаты есебінен жұмыскерлерді жалпы сомасы 884 254 млн. теңгеге медициналық сақтандыру жүзеге асырылды, оның ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыскерлерін сақтандыру 50 млн. теңгені құрады.

Белгілі болғандай, газ саласының көптеген қызметкерлерінің жұмысы магистралды газ құбырларымен байланысты және бір жағынан, ауыр климаттық жағдайлармен (ауыз сұжағдайы, шаңды дауыл және т.б.), және екінші жағынан, транзиттік құбырлардың жиі мемлекеттің экологиялық жағымсыз аймақтарында өтуімен сипатталады.

«Арал маңындағы экологиялық апаттардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңына сәйкес Арал маңы тұрғындарына негізгі еңбек ақыға 20% бастап 50% дейінгі мөлшерде экологиялық коэффициент ент есептеледі, сонымен қатар 6 күннен 12 күнге дейін қосымша демалыс ұсынылады.

Қызметкерлер арасында ауруларды алдын алу, сонымен қатар мереке күндері оларды емдеу және сауықтыру жұмыстары жүргізілуде.

ҚТГ әлеуметтік төлемдердің өсуіне үлкен көңіл бөледі, олардың басым бөлігі әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер болып табылады. Ең алдымен, олар әлеуметтік әріптестік негізінде ұжымдарда сау жұмыс микроклиматын құруға бағытталған, бұл қызметкерлерге негізгі функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ҚТГ қызметкерлері мен жұмыс берушілер арасындағы ұжымдық келісімшарттар жасалып, жұмыскерлер кәсіподақтарының қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді, олар әлеуметтік кепілдіктер, төлемдер, өтемақылар және қызметкерлерге еңбек заңнамасында белгіленгеннен айтарлықтай асып түсетін жеңілдіктер береді, мысалы:

- алғашқы некеге шығу, баланың тууы, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты жерлеу және т.б.;
- жоғарыда аталған жағдайларға байланысты қосымша ақылы демалыс;
- қызметкерлерге санаторлық-курорттық емдеу құнының және компания қызметкерлерінің балалары үшін сауықтыру лагерлеріне бару құнының 75% немесе одан астамын төлеу;
- және тағы басқалар.

Компания тобының қызметкерлерін даярлау, оқыту және біліктілігін арттыру

Қызметкерлердің қозғалысы барынша болжамды, жоспарланған және компанияның жалпы даму тұжырымдамасына сәйкес келу керектігін ескере отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мүдделі тараптар: студенттер, білім беру ұйымдарының өкілдері және Қоғам үшін ортақ кешендік әдістеме қажет. Сондықтан, туындайтын бос орындарды жоспарлы орындау мақсатымен, сонымен қатар сол немесе басқа бағыттың лауазымына қойылатын талаптарға жауап

беретін қызметті шұғыл басқару қабілеті бар жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ҚТГ жеке ЕТҰ Жас мамандарды даярлау Ережелері әзірленді және бекітілді. Бұл ішкі құжат жас мамандарды даярлау, кандидаттарды іріктеу, Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шет елдердің оқу орындарына оқуға жіберу тәртібін анықтаудың ретін сипаттайды. Қазіргі уақытта сыртқы кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді, осы мәселе бойынша жоғары оқу орындарымен хат алмасу жүргізілуде. Бұдан басқа, «ҚазТрансГаз» АҚ тобында мамандарды даярлау және оқыту бойынша күнтізбелік жоспарларға, соның ішінде шетелдік оқытуға сәйкес мамандар даярланады. Үздік техникалық жоғары оқу орындарының базасында ҚТГ компаниялар тобының ұйымдары үшін жоғары білімді мамандарды дайындау жоспарлануда.

ҚТГ қызметкерлері Астана қ. «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» Жеке меншік мекемесі базасында, сол сияқты Қазақстан Республикасының, қиыр және алыс шетел мемлекеттерінің басқа оқу орталықтары базасында біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, өтілден өтуге және тренингтерге қатысады.

ҚТГ-да келесі «Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру», сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы сияқты бағдарламалар қызметкерлерді дамытуға бағытталған.

ҚТГ компаниялары тобының қызметкерлер резерві құрылды.

«Оқыту және біліктілікті арттыру» - компания қызметкерлерін дамытудың тұрақты бағдарламасы.

ҚТГ оқыту мен біліктілікті арттыруға бағытталған персоналды дамыту бағдарламасы жұмыс істейді. Жыл сайын ҚТГ бюджетінде персоналды даярлауға және оқытуға қаражат бөлінеді. ҚТГ-да магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану ережесіне сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық құралдары арнайы дайындалған қызметкерлермен пайдаланылуы тиіс. Жоғары қауіпі бар объектілерге қызмет көрсететін персонал жергілікті мемлекеттік техникалық қадағалау органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіпорындар жасаған арнайы курстарда даярлануы (қайта даярлануы) керек.

2017 жылы ҚТГ компаниялар тобы жалпы сомасы 687,846 млн. теңгеге 13 904 қызметкерді дайындады, қызметкерлер Қазақстан Республикасының оқу ұйымдары мен оқу орталықтары базасында оқытудан өтіп, біліктілігін арттырады. Кәсіби даярлау және жұмысшы персоналды дамыту ҚТГ кадр саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылды, себебі жұмысшы кадрларының кәсіби деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру және жұмыс сапасын жақсартудағы маңызды фактор болып табылады.

Сондай-ақ, ҚТГ-да Қоғам қызметкерлерінің балалары Қазақстан Республикасының және шет елдердің жоғары оқу орындарында ЕТҰ және ҚТГ қаражаты есебінен оқытудан өтеді, олар оқу аяқталғаннан кейін газ тасымалдау саласында жұмысқа қайта оралады.

Бұдан басқа, 2017 жылы ҚТГ компаниялары тобын басқаруға арналған оқу бағдарламасының аясында 15 басшы «ҚМТУ Инжиниринг және Ақпараттық Технологиялар Институты» ЖШС-нде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ топ-менеджментті дамытудың бірыңғай бағдарламасы» тақырыбында оқытылды.

Демеушілік және қайырымдылық

2017 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ демеушілік көмек көрсету саясатының күшіне енуіне байланысты демеушілік көрсету тоқтатылды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ҚТГ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТГ пікірінше, тиімді корпоративтік басқару корпоративтік жанжалдардың пайда болу ықтималдығын азайтуға, Қоғамның инвесторлар үшін тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ имиджге оң әсерін тигізу үшін Компанияның капиталдандыруының тұрақты өсуінің негізгі шарты болып табылады.

Корпоративтік басқарудың мақсаты ҚТГ тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын арттыру, инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

Корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып Қоғам корпоративтік басқару принциптерін жүзеге асыруға үлкен назар аударады. 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Компанияның Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғам менеджментінің және мүдделі тұлғалардың мүдделер балансын орнатуға ұмтылады, онымен қоса ҚТГ корпоративтік басқару жүйесі холдинг компаниясы ретінде бірден бірнеше корпоративтік саты деңгейлерінің өзара әрекеттесуін қамтиды, олар: акционердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі, ҚТГ атқарушы органы және ЕТҰ ұқсас басқару органдары.

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша дайындық жұмыстарының шеңберінде холдингтің ұйымдық құрылымында өзгерістер енгізілді: ҚТГ - газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншік құрылымының бұзылу мүмкіндіктерін шектеу, ақпаратты ашу шығындарын барынша азайту, басқару шешімдерін қабылдау рәсімін жеңілдету үшін құрылған корпоративтік орталық болып табылады.

ҚТГ, сол сияқты ЕТҰ-ның жалпы акционерлер жиналысы, директорлар кеңесі және атқарушы органдар арасында

функцияларды дұрыс бөлу жарғыда белгіленген және ЕТҰ менеджментіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

ҚТГ ЕТҰ-ға қатысты корпоративтік басқару мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін бизнесті түрлендіру аясында олардың ұйымдастырушылық құрылымдарын қайта жобалау жүргізілуде, ол корпоративтік басқаруды жүзеге асыру аясында лауазымды тұлғалардың уәкілдігі мен жауапкершілігін қайта бөлу және реттеу, корпоративтік өзара әрекеттесудің бизнес-үдерістерін оңтайландыруды қамтамасыз етеді.

ҚТГ-ға кез келген акционерлік компанияға тән принциптерден басқа (акционерлер және мүдделі тұлғалардың құқықтарын сақтау, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқару органдары арасында уәкілдік пен жауапкершілікті нақты шектеу, меншіктің ашық құрылымы, тиімді ішкі бақылау жүйесінің болуы) корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттары енгізіледі, ҚТГ-да ҚТГ және ЕТҰ үшін жалпы стратегиялық мақсаттарды іске асырумен қамтамасыз ететін корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарын пайдалану принципін бөліп көрсетуге болады.

ЕТҰ қызметіндегі ҚТГ мүдделері корпоративтік басқару саясатын әзірлеу және іске асыруда (немесе бағдарламалар) жүзеге асырылады, ол бірнеше бағыттарды қамтиды, олар:

-ЕТҰ пайдасын бөлу бағытын және бақылауын анықтауды қоса алғанда, ЕТҰ қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау;

-ЕТҰ активтерімен мәмілелер жасауды қоса алғанда, ЕТҰ қаржы-шаруашылық қызметін бақылау;

-бизнесті басқару саласындағы ЕТҰ ішкі процестердің тиімділігін үздіксіз жетілдіру;

-ЕТҰ инвестициялық тартымдылығын және капиталдандыру өсімін қамтамасыз ету;

-ЕТҰ кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Жалғыз акционер корпоративтік басқару үлгісін анықтады, олар мына қатысушыларды қамтиды: «белсенді» акционер, Директорлар кеңесі, Ішкі аудит басқармасы және орталықтанған қызмет.

Акционерлермен өзара әрекеттесу

ҚТГ жалғыз акционері ҚМГ болып табылады. ҚМГ ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын қалыптастыру және қалыптасуында белсенді рөл атқарады. ҚМГ ҚТГ-да корпоративтік басқарудың дамуына келісі жолдармен жағдай жасайды:

- Корпоративтік басқару кодексін 2007 жылы енгізу және 2015 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Корпоративтік басқарудың жаңа кодексін әзірлеуге қатысу;
- Корпоративтік басқару стандарттарын іске асыруда, соның ішінде корпоративтік басқару деңгейін диагностикалауда әдіснамалық қолдау көрсету.

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу ҚТГ және ЕТҰ сәйкесінше органдары арқылы бекітілген корпоративтік процедуралар аясында жүзеге асырылады.

ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара әрекеттесуінің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- тұрақты қаржылық дамуды, оңтайлылығын қамтамасыз ету, ҚТГ және ЕТҰ инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- ЕТҰ акционері мен акционерлерінің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- ҚТГ және ЕТҰ акционерлері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру, олардың арасында және осы топтар шегінде жанжалдарды болдырмау бойынша жүйелі шаралар қабылдау;
- ҚТГ және ЕТҰ келісілген және тиімді инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.

ҚТГ компания топтарында корпоративтік басқару тетіктері

- еншілес және тәуелді ұйымдар үшін тік басқару жүйесін құру;
- ЕТҰ-да бірыңғай корпоративтік басқару стандарттарын енгізу;
- ЕТҰ басқару органдарына өз өкілдерін ұсыну;
- Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ЕТҰ директорлар кеңесіне Қоғам өкілдеріне ұсынымдар негізінде талқыланатын мәселелер бойынша өкілдердің бірлескен дауыс беруін қамтамасыз ету;
- басқару органдарының өкілдері арқылы ЕТҰ қызметін бақылауды ұйымдастыру, қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізу, аудиторды таңдау және басқалары

Корпоративтік басқару органдары

ҚТГ корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) Жалғыз акционер - жоғары орган;
- 2) Директорлар кеңесі - Қоғамның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын анықтайтын басқару органы. Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрады, олардың екеуі тәуелсіз директорлар болып табылады.
- 3) Басқарма - алға қойылған міндеттерді орындау және Қоғам стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Компанияның ағымдағы қызметін басқаратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасы жеті мүшеден тұрады.

Директорлар кеңесінің құрылымы

2017 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады, олар мыналар болып табылады:

ДИРЕКТОРДЫҢ Т.А.Ә.	ҚТГ-дағы ЛАУАЗЫМЫ
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сүлейманов Рустам Эдуардұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2017 ж. 26 қаңтардағы №1/2017 хаттамасы) ҚТГ Директорлар кеңесі 2017 жылдың 20 ақпанынан бастап қайтадан сайланды.

2017 жылдың 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесі:

ДИРЕКТОРДЫҢ Т.А.Ә.	ҚТГ-дағы ЛАУАЗЫМЫ
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сүлейманов Рустам Эдуардұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

ҚТГ корпоративтік басқару Кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі Нурғазиева А.А. және Жаманбалина С.Ж. тәуелсіз директорлар фактісін бекітті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келеді.
- Жалғыз акционер мен ҚТГ мүдделерінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және өздерінің міндеттерін орындау үшін қажетті сәйкесінше жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, Қазақстанның газ саласында және іскерлік ортада оңтайлы жетістіктері және мінсіз беделі бар;
- Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп тануына ықпал ететін қатынастар немесе жағдайларға жол бермейтін «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің талаптарына сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі отырыстарына қатысуы

ДИРЕКТОРДЫҢ Т.А.Ә.	ЛАУАЗЫМЫ	ҚАТЫСУ САНЫ	ҚАТЫСУ ПАЙЫЗЫ	ЕСКЕРТУ
Шәріпбаев Қ.Қ.	Директорлар кеңесінің төрағасы	25 из 25	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің Төрағасының 2017 ж. 26 қаңтардағы ЕА №1/2017 шешімімен сайланды
Мұқышев А.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі	25 из 25	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшелерімен 2017 ж. 26 қаңтардағы ЕА №1/2017 шешімімен сайланды
Сүлейманов Р.Э.	Директорлар кеңесінің мүшесі	25 из 25	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшелерімен 2017 ж. 26 қаңтардағы ЕА №1/2017 шешімімен сайланды
